3 Жаңа кәсіп жолында



8 Жауһар жырдың ордасы



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

6 сәуір, сенбі 2024 жыл

# Сыр бойы

95 жыл

№ 52-53 (20726-20727)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ

# ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТАБЫСТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ





Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Хиуа қаласына жұмыс сапары барысында Президент Шавкат Мирзиёевпен бірге Өзбекстан жеңіл өнеркәсібіндегі үлгілі кәсіпорындардың бірі саналатын «HIVA GILAMLARI» кілем тоқу фабрикасын аралап көрді.

Іргесі 1977 жылы қаланған кәсіпорынға жаңа инвестор толықтай реконструкция жасаған. Мұнда жылына 4,2 миллион шаршы метр кілем тоқитын төрт цех жұмыс істейді.

Мемлекеттер басшыларына акрилден иірілген жіп өндіру цехы, кілем тоқу цехтары және дайын кілем үлгілерінің шоу-румы көрсетілді.

Кәсіпорын директоры Камол Абдуллаевтың айтуынша, фабрика кілемдері ішкі нарыққа сатылады, сондай-ақ ТМД елдеріне, ҚХР мен АҚШ-қа экспортқа шығарылады.

Бұдан кейін президенттер Өзбекстан өнеркәсіп тауарларының көрмесін тамашалады. Павильондарда арнаулы техника, электр техникалық жабдықтар үлгілері, бау-бақша шаруашылығының селекциялық жетістіктері, тоқыма, химия, тамақ, фармацевтика өнеркәсібі өнімдері, жібек, тері және зергерлік бұйымдар көрмеге қойылған.

Президенттер шекаралас облыстар аумағында экспортқа бағдарланған кәсіпорындар кластерін құрудың маңызды екенін атап өтті.

Сонымен қатар мемлекеттер басшылары Арал теңізінің табанына сексеуіл егіп, аймақтағы экологиялық ахуалды жақсарту үшін бірлескен күш-жігер жұмсау қажет екеніне назар аударды.

* * *

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Қазақстан Президенті ислам өркениеті мен сәулет өнерінің жауһары саналатын Хиуа қаласында өтіп жатқан кездесудің символдық мәні бар екеніне назар аударып, барлық бағыт бойынша табысты дамып келе жатқан екіжақты ынтымақтастыққа көңілі толатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, екі ел үкіметтері қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру ісімен белсенді айналысып жатыр. Тиісті «жол карталары» жоспарлы түрде орындалып, қол қойылған келісімдер мен сауда келісім-шарттары бойынша жұмыс жүргізілуде. Өзара тауар айналымының көрсеткіштері жаман емес. Өткен жылдың қорытындысы бойынша оның көлемі 4,4 миллиард долларды құрады. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде портфелімізде инвестиция көлемі 2,5 миллиард доллардан асатын 60 бірлескен жоба бар. Оның аясында 13 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы орталығын салу жобасы да сәтті ілгерілеп келеді.

Президент қазақ-өзбек тандемі өмірлік қажеттіліктен туғанын және бірге әрі жұмыла әрекет еткенде ғана елдеріміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге болатынын айтты. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың 2034 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау бастамасын қолдады.

Кездесуде президенттер өзара тауар айналымын ұлғайту, энергетика, көлік, су шаруашылығы, IT салаларындағы ынтымақтастықты дамыту сияқты экономикалық ықпалдастықтың сан алуан мәселесі жөнінде пікір алмасты.

Әңгімелесу барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды өркендету, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстанның бірегей туристік әлеуетін пайдалану мүмкіндіктеріне айрықша мән берілді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік күн тәртібін талқылап, халықаралық құрылымдар аясындағы өзара ықпалдастық мәселелерін қарастырды.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ

# ТЕҢІЗ ТАБАНЫНА СЕКСЕУІЛ ЕГІЛУДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министрі Нұркен Шарбиевпен бірге Арал, Қазалы аудандарына іссапармен барып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы сексеуіл егу жұмыстарымен танысты.



Іссапар барысында аймақ басшысы бастаған делегация теңіздің құрғаған ұлтанының орамдарын әуеден бақылап, содан кейін сексеуіл көшеттерін отырғызды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 1,1 млн гектар сексеуіл екпелерін егу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, республикалық және облыстық бюджет есебінен 2021 жылы 101 мың гектар, 2022 жылы 250 мың гектар, 2023 жылы 193,2 мың гектар жерге фитоорман-мелиорациялық жұмыстар жүргізілді. 2024-2025 жылдар аралығында 556,2 мың гектар жерге осындай жұмыстар жүргізу жоспарлануда. Бүгінде құрғаған ұлтанның 51,6 мың гектарына 15,3 млн дана көшет отырғызылды.



Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін облыс әкімінің тапсырмасымен облыстық бюджеттен 1,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Сондай-ақ теңіз табанындағы 150 мың гектар жердің топырағын зерттеу және жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 58,4 млн теңге бағытталды. Күз мезгілінде 50 мың гектар жерге сексеуіл тұқымын себу үшін 180 тонна орман ағаштарының тұқымы жиналады.

2-бет

САРАП

# ҚАТЕРЛІ ДЕРТ ДЕНДЕП БАРА МА?

Елімізде жыл сайын қатерлі ісікпен ауырғандардың саны артпаса, кеміп жатқан жоқ. Мәселен, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының мәліметі бойынша жыл сайын 35 мыңнан астам адам қатерлі ісікке шалдығады, 14 мыңнан астам адам қайтыс болады, есепте әлі 200 мың қазақстандық тұр. Динамикада соңғы 20 жылда онкологиялық сырқаттанушылық орта есеппен 25%-ға өскен. Елімізде онкология – өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі. Ал Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, ем алып жүрген 210 198 науқас бар. Ведомство қазақстандықтардың қатерлі ісіктің қандай түріне көп шалдығатынын да мәлім етті. Нақты тоқталсақ, сүт безінің қатерлі ісігі 14,7% (алдыңғы жылы 15,4%), өкпенің қатерлі ісігі 11,2% (алдыңғы жылы 11,1%), тоқ ішектің обыры 10,4% (2022 жылы 10,1%), асқазанның қатерлі ісігі 8,3% (2022 жылы 7,9%), жатыр мойны қатерлі ісігі 5,51% (2022 жылы 5,54%).

Статистикада көрсетілгендей, кейінгі екі жылда өкпенің қатерлі ісігі, тоқ ішектің обыры мен асқазанның қатерлі ісігіне шалдыққандар қатары артқан. Сондай-ақ 2021 жылдан бері онкология жастардан жиі анықталып жатыр. Атап айтсақ, былтыр жарты жылда 28 жасқа дейінгі 454 қазақстандыққа қатерлі ісік диагнозы қойылған. Біздің облыстағы ахуал қандай? Саралап көрейік.

**Статистика сөйлесе...**

Облыстық онкология орталығының дерегіне сүйенсек, былтыр аймақта аурушаңдық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 159,7, яғни, 1304 жағдайды құраған. 2022 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 143,3, яғни, 1186 жағдай болған. Өсу қарқыны 11,4%. Қатерлі ісікпен аурушаңдық көрсеткіші ерлерге қарағанда әйелдер (57,2%) арасында жоғары. Бірінші орында сүт безі қатерлі ісігі (12,9%, 169 жағдай) тұрса, екінші кезекте өкпе қатерлі ісігі (9,5%, 124 жағдай), үшінші орында асқазан қатерлі ісігі (8,7%, 114 жағдай), төртінші жатыр мойны қатерлі ісігі (7%, 92 жағдай), бесінші орында өңеш қатерлі ісігі (5,6%, 74 жағдай) тұр. Науқастардың жасына байланысты айтсақ, 59,2%-ы – еңбекке қабілетті жастағы адамдар. Онкологиямен диспансерлік бақылауда тұрғандар былтыр 5432 адамды құраған, 2022 жылы бұл көрсеткіш 4950 болған. Өсім – 9,7%.

Мамандар онкологиялық ауруларды ерте анықтау диагностикасы алдыңғы жылмен салыстырғанда едәуір жақсарғанын айтады.

2-бет

Валюта бағамы $ 446,49 kzt € 484,84 kzt ₽ 4,85 kzt

Ауа райы +9° +23° +11° +16°

# ТЕҢІЗ ТАБАНЫНА СЕКСЕУІЛ ЕГІЛУДЕ



Аралдың экологиялық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарға инвесторларды тарту жүйелі жүргізілуде. Өңір үшін маңызды мәселемен белгілі кәсіпкер, меценат Т.Турлов арнайы танысып, 2 млн. АҚШ долларын бөлу туралы шешім қабылдады. Іссапар барысындағы келіссөздер нәтижесінде бұл бағыттағы жұмыстарға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ да 500 млн теңге бөлетін болды.



Алдағы аптада 20 елдің Қазақстан Республикасындағы елшілері Арал ауданына арнайы келеді. Елшілер өз кезегінде аймақтың экологиялық мәселелерімен танысып, оны жақсартуға инвестиция тарту бағытында жұмыс жасайтын болады.

Жалпы құрғаған ұлтанға сексеуіл егу тәжірибесі білікті мамандар тарапынан қолдау тапты. Себебі сексеуіл құрғақшылыққа төзімді, ол өсетін жерде табиғаттың тепе-теңдігі сақталып, құм мен тұз көшпейді. Мәліметтерге қарағанда, бір түп сексеуіл шамамен 6-8 тоннадай құмды ұстап қалады.

Биыл еліміз Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етуде. Теңіздің кепкен табанына өскіндер егу мәселесін аймақ басшысы тұрақты бақылауына алып, бұл ортақ іске кәсіпкерлерді де жұмылдыруда.

**Қазалыдағы тұқымбақ құрылысымен танысты**

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министрі Нұркен Шарбиевпен бірге Қазалы қаласындағы тұрақты орман тұқымбағының құрылысымен танысты.

1-бет

Нысан құрылысы Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті тапсырысымен жүргізілуде. «Еңбек» ЖШС мердігерлігімен жүзеге асырылып жатқан жобаның құны 518,6 млн теңгені құрайды. Жұмыс 2023 жылдың қыркүйек айында басталған, шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

Тұқымбақтың аумағы – 33 гектар. Мұнда көшеттер егіліп, Аралдың кепкен табанында атқарылатын жұмыстарға сексеуіл, басқа да өскіндер дайындалады. Көшеттерді суаруда арнайы технология қолданылады.



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

Құрылыс барысымен танысқан аймақ басшысы және лауазымды тұлғалар тұқымбақ аумағына сексеуіл көшеттерін отырғызды.

Іссапар барысында Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министріне бірқатар өзекті мәселелер жеткізілді. Орман шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын өсіру, өртті ерте анықтайтын құрылғы сатып алу, өзге де маңызды түйткілдер айтылды.

Еске салсақ, Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Абай облысындағы орман өртін жою және орман шаруашылығы ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру мәселелері талқыланған жиналыста бірқатар тапсырма берілген болатын. Олар – орман мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыру, материалдық қамтамасыз етілуіне толық түгендеу жүргізу, тиісті бюджеттік өтінімдер дайындау және жіберу, пилотсыз ұшу аппараттарын сатып алу, өртті ерте анықтау жүйелерін орнату үшін қажетті шаралар қабылдау және т.б. Осы орайда облыс әкімінің тапсырмасымен орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жергілікті бюджеттен 1,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Облыс аумағында мемлекеттік орман қоры жерінің жалпы көлемі – 7 млн гектар, оның 3,8 млн гектары – орманды алқаптар. Қызылорда орман шаруашылығы мекемесіне қарасты жер көлемі – 838022 гектар, оның ішінде орманды жер – 707613 гектар. Мекеме өрттің алдын алу, дер кезінде байқап, жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады. Мемлекеттік орман қоры аумағындағы жұмысшылардың, онда орналасқан ұйымдардың, жеке тұлғалардың өрт қауіпсіздігі, санитарлық ережелерді сақтауын қамтамасыз етеді. Қызылорда орман шаруашылығы мекемесіне шөлді сексеуілді және тоғайлы аумақтар тиесілі. Шөлді аймақтың климаты күрт континентальді, жазы өте ыстық, температура + 48, оның үстіне құрғақ болғандықтан, өрт қаупі жоғары. Аумақ өте жоғары табиғи өрт қаупі класына жатады.

Осы орайда, «Ақтөбе» және «Тартоғай» орманшылығына өртті ерте анықтайтын 2 құрылғы сатып алуға республикалық бюджеттен 552,2 млн теңге бөлу мәселесі көтерілді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ 98,4 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту, су бұру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы ауызсумен қамтамасыз ету және су бұру мәселелері өңір жұртшылығы үшін зор маңызға ие екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жылда халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырды. Қазір облыс аумағында 4 қала және 230 ауылдық елді мекен бар. Қалалардың барлығы ауызсумен толық қамтылған. Өткен жылы Арал ауданы «Көктем» елді мекеніне ішкі су жүйесі салынды, «Құландыға» су тұщытқыш қондырғы орнатылды, «Мойнаққа» шахталық құдық қазылды. Шиелі ауданы «Қосүйеңкі» және «Қызылқайың» елді мекендеріне ішкі су жүйесі жүргізілді, «Жуантөбеге» су тұщытқыш қондырғы қойылды. Осылайша халықты орталықтандырылған ауызсумен қамту үлесі 98,4 пайызға жетті. Қазіргі таңда облыс аумағында орталықтандырылған ауызсумен қамтылмаған адам аз қоныстанған 26 елді мекен бар. Ендігі кезекте алдымызға Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес осы елді мекендерді 2025 жылдың соңына дейін орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамту міндеті қойылды. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды атқарылуда, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.



Тұрғындарды ауызсумен қамту мәселелеріне орай облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин, «ОДСП Арал» мекемесі басшысының міндетін атқарушы Серікбай Жәлелұлы, қала, аудан әкімдері баяндама жасады. Мұнан бөлек, орталықтандырылған ауызсуды пайдаланушы нысандарды есепке алу, қызмет сапасы, су ресурстарын үнемді әрі мақсатты пайдалану жолдары талқыланды. Жауапты мекеме басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

# ҚАТЕРЛІ ДЕРТ ДЕНДЕП БАРА МА?

– 2023 жылы 0-I сатысында анықталған қатерлі ісіктер саны 2,1%-ға көтерілді және жаңа қатерлі ісіктер жағдайларының жалпы құрылымында 31,7% құрады. Алдыңғы жылмен салыстырғанда ерте сатысында анықталған сүт безі қатерлі ісігі 2 есе, тері қатерлі ісіктері 1,5 есе, жатыр мойны қатерлі ісігінің ерте сатысында анықталу көрсеткіші 1,5 есе, қалқанша безінің қатерлі ісігі 2,2 есе көбейді. Жыл көлемінде барлық БМСК ұйымдарында, яғни емханаларда денсаулық сақтау басқармасының бастауымен құрамында онкогинеколог, рентгенолог, онколог және басқа да онкологиялық орталықтың мамандарынан құрылған мобильдік топ ұйымдастыру-тәжірибелік көмек көрсетіп, аудандарда әкім орынбасарларының қатысуымен үйлестіру кеңестерінің өткізілуі оң әсерін тигізді. III-IV кезеңдердің визуалды локализацияларының асқынған және кең таралған қатерлі ісіктер көрсеткіші 7,2%. Бұл да бекітілген нысаналы индикатордан аспайды және республикалық көрсеткіштен төмен, – дейді облыстық онкология орталығының директоры Нұржамал Мырзағалиева.

**Онкология – үкім емес**

Талдау барысында белгілі болғандай, ауру кеш анықталған пациенттердің 80%-да науқас 3-4 жылдап емханаға мүлдем қаралмаған және уақытылы скрининг өтпеген. Мамандар егер ауру ерте, яғни, I-II сатысында анықталса, тез сауығып кету мүмкіндігі бар екенін айтады. Бірақ, науқастардың басым бөлігі дерт ушыққан кезде емделуге келеді. Сонымен қатар қатерлі дертке шалдықса болды жазылмастай көретін түсінік қалыптасқан. Бұл – қате түсінік.

Мәселен, 1998 жылы Қызылорда қаласының тұрғыны Римма Кимнің асқазанын толық алып тастады. Кәмелетке толмаған үш баланың анасында қатерлі ісік ерте сатысында анықталды. Дер кезінде емделіп, қайсарлығы мен дәрігерлердің кәсіби шеберлігінің арқасында бұл дертке шалдыққан науқас отыз жылға жуық өмір сүруде. Биыл Римма Ким 70 жасқа толады.

1-бет



Фото: Ашық дереккөзден

– Басында үлкен жараның салдарынан асқазанның жартысынан көбі алынып тасталды. Екі жылдан кейін ісік анықталды. Қазақ онкология және радиология ҒЗИ-дың дәрігерлері бүкіл асқазанды алып тастауға мәжбүр болды. Ас қорыту мүшесінің қызметін ішек қапшығы орындайды. Ауыр оңалту кезеңінен, химиотерапия курстарынан өттім. Облыстық онкологиялық орталықта жылына екі рет ем аламын. МӘМС жүйесінің арқасында дәрі-дәрмек қолжетімді, МРТ, КТ, ФГДС және т.б. тегін өтемін. 90-жылдары мұның бәрі ақылы болды, – дейді Римма Ким.

Римма әр науқастың өмірі үшін күресетін облыстық онкологиялық орталықтың мамандарына алғыс білдіреді.

«Қатерлі ісік – үкім емес» дейді дәрігерлер. Бүгінде диспансерлік есепте 5 525 пациент бар, оның 2 796-сы 5 жылдан артық өмір сүруде.

**Скринингтің пайдасы**

Аурудың алдын алуда, ерте сатысында анықтауда скринингтік тексерудің маңызы зор. Әсіресе, қатерлі дертпен күресте қызметі айрықша.

Скрининг – бұл сау адамдардың жас ерекшелігіне қарай қауіп факторларын және ауруларды алғашқы сатыда анықтау үшін өткізілетін профилактикалық-медициналық тексеріс. Скрининг емдеудің нәтижесін арттырып, асқынудың алдын алады. Бүгінде Қазақстанда онкологиялық скринингтің 3 түрі бар. Былтыр 34 905 әйел сүт безі қатерлі ісігінің скринингтік тексеруінен өткен, 68 жағдай анықталған. Жатыр мойны обыры скринингтік тексеруінен 26673 әйел өтіп, 200-інде ісікке дейінгі ауру, 26-сында аталған ауру ерте сатысында анықталған. Тоқ ішектің және тік ішектің қатерлі ісігіне скринингтік тексеруден өткендердің саны – 42619.

– Облыста қатерлі ісікке күдікті пациенттердің қозғалыс бағытын («жасыл дәліз») мониторингтеу үшін ахуалдық орталық ұйымдастырылып, жұмыс жасайды. Былтыр «Онкоқырағылық I» маркері 99%, «Онкоқырағылық II» 98,7% және «Онкоқырағылық III» 97,1% жағдайда уақытылы нақтыланып отыр. Ауруларға сапалы медициналық көмек көрсету бағытында түрлі іс-шаралар атқарылып келеді.

Онкология орталығы 20 жылдан аса уақыт пациенттердің стационарлы ем қабылдауына бейімделмеген облыстық көпбейінді аурухананың әкімшілік-техникалық бөлімінде орналасып келген еді. Бір палатада 7-8 емделушіден жатты, санитарлық торап болмады және 1 ғана операциялық зал бар еді. Бұл отаға кезекшілік туындатты. Осы аталған жағдайларды ескере отырып, облыстық денсаулық сақтау басқармасы жаңа ғимаратқа көшу шешімін қабылдап, модульдік орталықтың ғимараты біздің теңгерімге берілді. Бүгінде кең әрі науқастардың ем алуына толық жағдай жасалған онкоорталық өз жұмысын жаңа ғимаратта жалғастыруда. Сондай-ақ емхана бөлімі дәрігердің кеңесін қажет ететін және жоспарлы ем алу үшін ауруханаға жатуға жолданған пациенттерді де қабылдауда. Жаңа ғимарат санитарлық талаптарға сәйкес алдын ала 2-3 мәрте зарарсыздандырылып, жұғынды алынып тексерілді. Пациенттердің төсек жабдықтары толығымен жаңартылды, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Әр палата 2-3 ем алушыға арналған, пациенттер үшін арнайы санитарлық тораптармен, желдеткіштермен, орталықтандырылған оттегімен қамтамасыз етілген. Жансақтау бөлімі 6 төсек-орыннан 12-16 төсек-орынға дейін кеңейтілген, жабдықталған 2 операциялық залы бар. Қосымша жаңа компьютерлік томограф, заманауи рентген аппараты, видеоэндоскопиялық аппарат алынды, – дейді орталық директоры.

**Жаңа тәсілдер – дертке дауа**

Жаңа ғимаратқа көшкен орталықта мамандар заманауи жаңа емдеу әдіс-тәсілдерін енгізуге мол мүмкіндік алды. Әсіресе, хирургия саласындағы жаңалықтар өз нәтижесін көрсетуде.

Атап айтқанда, «Радиочастотная абляция» операциясы енгізілді. Оған облыстық бюджеттен бөлінген 50 млн теңгеге алынған Starmed Оңтүстік Корея аппараттарына қосымша қажетті құрал-жабдықтар қосылып, 5 RFA жүргізілген. Конизациялау – жатыр мойны қатерлі ісіктерін ерте сатысында анықтау. Былтыр енгізіліп, 40 ота жасалып, 7 жатыр мойны обырын ерте сатысында анықтауға мүмкіндік берген.

Химиоэмболизация (бауырдың химиоэмболизациясы), бұл – ісік түйіндеріне химиотерапия енгізумен бірге ісікпен қоректенетін артериядағы қан ағымын тоқтату арқылы ісіктің өсуін тоқтатуға мүмкіндік беретін эндоваскулярлық-хирургиялық әдіс. Өңеш ісігі бойынша гибридті операциялар – лапароскопиялық және торакоскопиялық әдістерді қолдану арқылы жасалатын өңеш резекциясы операциясы.

Сондай-ақ ұйқы безі басының ісігінен туындаған механикалық сарғаю кезінде өт жолдарын эндоскопиялық стенттеу, веналық порт-системаларды енгізуге қол жетті.

Осы орайда онкоорталықта былтыр 600-ден астам ота жасалып, саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 14,9%-ға артқаны байқалады.

Қатерлі дертпен күресте медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін 10 төсектік онкогематология бөлімі, оңалту және психологиялық қолдау бөлімі, госпитальдық фармация бөлімшесі, ситуациялық орталық, пациенттерді психологиялық қолдау қызметі іске қосылып, SOS-бағдарламасы енгізілді.

Биыл да бірқатар жаңа әдіс-тәсілдер енгізу жоспарлануда. Атап айтқанда, лапароскопиялық гастрэктомия енгізу көзделген. Бұл – асқазанның бір бөлігін немесе бүкіл мүшені зақымданған ісікпен алып тастау және науқас ауруханаға ұзақ жатқызуды, оңалтуды қажет етпейді, аз инвазивті қолжетімділікпен жүзеге асырылады. Сүт безі обырына арналған Diep қақпақшасымен операция жасау пациенттің тері астындағы май тінімен, іш аймағындағы нервтермен және қан тамырларымен бірге тері жамылғысын кесу – онкологиялық операциялардан кейін сүт безін қалпына келтірудегі алтын стандарт.

Мәселелер де жоқ емес, атап айтқанда, өңірде БМСК онкологтары арасында кадр тапшылығы бар. Қармақшы, Жаңақорған, Алексей Сұлтан Ахмет, №3, №4, №5, №6 қалалық емханаларына 9 негізгі қызметкер, 9 қосымша жұмыскер қажет. Сонымен қатар онкология орталығында бас және мойын ісіктері бойынша мамандар, тірек-қимыл аппараты ісіктері жөніндегі маман, патоморфолог, нейрохирург кадрларының тапшылығы да өзекті.

**Айнұр БАТТАЛОВА,**
**«Сыр бойы»**




Қазіргі қарқынды дамып жатқан цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект заманында әрбір азаматқа қаржы саласында сауатты болу – уақыт талабы. Бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өзекті. Қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығы қандай дәрежеде, күнделікті өмірімізге еніп жатқан жаңа өнімдерді меңгеруге қаншалықты қабілеттіміз?

Қаржылық сауаттылық – бұл халықтың қаржылық өнімдер туралы білімі, оларды қолдана білу, сонымен бірге белгілі бір пайда табу және өзіңізді тәуекелдерден қорғау. Бүгінде айналамызға көз салсақ, жалақыдан жалақыға дейін қиыншылық көретіндердің, капиталды арттыруды қалайтын адамдардың саны күннен күнге өсіп келе жатқанын байқауға болады. Тағы бір кеңінен таралған жағдай – қарызға алынған қаражатты сауатсыз пайдалану себебінен борыш шұңқырына түсу. Статистикаға қарасақ, Қазақстан – Орталық Азиядағы ең көп несиелендірілген ел. Мұндай жағдайлардың бәрі – халықтың қаржылық сауатсыздығының дәлелі. Сондықтан оны арттыру – тек мемлекеттің ғана емес, сол сияқты әрбір азаматтың міндеті.

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ЖЕТІ ҚАДАМ

Бүгінде мемлекет, Ұлттық банк, жергілікті атқарушы органдар тарапынан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қаржылық сауаттылықты әркім өз бюджетін дұрыс жоспарлау және алаяқтықтың қауіпті жағдайларына тап болмау үшін игеруі керек. Өз бетімен сауат ашамын дегендерге ақпарат жеткілікті. Неден бастасам екен деген ойлары бар азаматтарға қандай кеңес берер едік? Ол үшін қарапайым жеті қадамнан бастаса болады.

**Бірінші қадам** – ақшаға деген көзқарасыңызды айқындау. Ақша қандай елде, қандай ғасырда болмасын күнделікті пайдаланылады, бірақ ақшаны қалай және не үшін басқару керегін түсінетіндер аз. Тауарды несиеге аласыз, бірақ тауар үшін төлем әрқашан ақшалай болады. Негізсіз шығындардан аулақ болуға тырысу керек. Ақша сіз үшін қызмет ететін жағдай жасауға ұмтылу керек.

**Екінші қадам** – шығын әрқашан кірістен аз болуы керек. Бұл – маңызды ереже. Егер тапқаныңыздың бәрін толықтай жұмсасаңыз, ештеңе қалмайды, демек өз ақшаңызды қалай басқаруды білмейсіз. Тапқаннан көп ақша жұмсасаңыз, одан да жаман. Жалақы алдыңыз, бәрін жұмсадыңыз, ал келесі жалақыға дейін әлі ұзақ, туыстарыңызға, достарыңызға барып, қарызға ақша сұрайсыз. Осылайша өз шығындарыңызды ұйымдастыра алмайсыз.

Әрбір азамат тұрақты табыс деңгейіне қарамастан, өз шығындарын дұрыс бөлуді үйренуі керек. Егер мұны білсеңіз және шығыныңыз табысыңыздан 20%-ға аз болса, алға қарай жүресіз және қаржылық сауаттылықты үйрене аласыз.

**Үшінші қадам** – қаржылық міндеттемелер азайған сайын өміріңіз барынша жеңіл болады. Біздің қазіргі әлемде шатасуға, алдануға мүмкіндік көп. Жарнамаға қараңыз, бұқаралық ақпарат құралдарын тыңдаңыз, барлық жерде несиелер мен займдар ұсынады. Пайыздарды төлеу мүмкіндіктерін нақты бағалау қажет, өйткені пайыздық төлемдерді төлеу қосымша несие қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Қаржылық өмірді ауыр, көтере алмайтын борыштық міндеттемелерсіз құрған абзал.

**Төртінші қадам** – міндетті ақша резерві. Өзіңізді белгілі бір ақша резервін сақтауға үйретіңіз, ол өте аз болса да, кез келген жалақыдан кейінге қалдырылуы керек. Ақшалай резервті жалақыдан 10% бөлуден бастаңыз, шығындарыңызды қайта қарастырыңыз, артық зат сатып алмаңыз. Содан кейін жалақыңыздың 20%-ға дейінгісін сақтауға тырысыңыз, бұл жинақтау үшін ең оңтайлы резерв болып саналады. Оны банкке салуға, содан кейін бағалы қағаздарға инвестициялауға, бір бөлігін болашақ зейнетақы үшін зейнетақы қорына салуға болады. Ақша резерві сіз үшін жұмыс жасасын.

**Бесінші қадам** – отбасылық бюджетті құрыңыз. Өткен айдың кірістері мен шығыстарын талдаңыз, осы айға отбасылық бюджет жасаңыз, әр шығын бабын мұқият қараңыз, қай жерде көп шығын бар екенін көріңіз, мүмкін бұл қажетсіз шығындар болар.

**Алтыншы қадам** – нақты мақсат қойыңыз. Өміріңізді, не істеп жатқаныңызды, уақытыңызды не үшін жұмсайтыныңызды қайта қарастырыңыз. Өмірде не істегеніңізді және не істегіңіз келетінін қараңыз.

Өзіңіз үшін жаңа және қызықты іспен айналысыңыз. Не керек, немен айналысқыңыз келетінін анықтап, бірақ осы сәтте ол шешіміңізді жүзеге асыра алмайтын болсаңыз, ренжімеңіз. Күн сайын не істегіңіз келетінін есте сақтаңыз және арманыңызға бір қадам жасаңыз. Мақсат қойыңыз және қорықпаңыз, оған қарай жүріңіз.

**Жетінші қадам** – әрқашан епті болыңыз. Отбасы шығындары мәселесінеептілік тұрғысынан қарау керек. Көршілер, әріптестер, туыстар не айтатынына қарамаңыз, биік мәртебеге ұмтылмаңыз. Қарапайым өмір сүріп үйреніңіз. Мысалы, пәтер сатып алуға шешім қабылдадыңыз. Оны біреу үшін емес, өзіңіз үшін таңдайсыз. Ыңғайлы пәтерді таңдаңыз, мүмкін қайталама тұрғын үйден аларсыз, бұл пәтер нарықта арзанырақ болады. Таңдағанда, қандай пәтер қажет екенін және шынайы төлей алатыныңызды бағалаңыз. Есептеңіз, бағалап, сонан соң сатып алыңыз.

Ұсынылған қаржылық сауаттылыққа жеті қадам – қаржылық білім берудің бастапқы буыны.

**Айгүл МАКЕНОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты**

# ЖАҢА КӘСІП ЖОЛЫНДА

Мемлекет тарапынан шағын кәсіпті дамытуға жасалған қолдау – мүмкіндік көзі. Әсіресе, азаматтарға кәсіптік бағдар беру, құқықтық көмек көрсету, қаржылай демеу саланың алға жылжуына ықпал етуде. Сырбойылықтар арасында жыл сайын жеңілдетілген несие алып, бағдарлама игілігін көргендер саны басым. Олар экономиканың түрлі бағытын өрістету арқылы берілген мүмкіндікті толық пайдаланып келеді. Бүгінгі кейіпкеріміз Ақбала Шүйіншәлі де қолдауды сәтті пайдаланып, табысқа жеткен кәсіпкер қатарында.



Кәсіпкерлікке икемі бар адамдарға өзіне деген сенімін күшейтіп, ойындағы жоспарын жүйелі жүзеге асыру үшін қаржы керегі түсінікті. Ал көп кәсіпкер нарықтағы қаржы ұйымдарының талап үдесінен шыға алмай, бизнесін дамыту мүмкіндігінен қағылып келеді. Оның үстіне несиенің пайыздық үстемесі қарызды жабуға қолбайлау екені анық. Міне, осы кедергілерден айналып өтудің бір тәсілі – жеңілдетілген несие бағдарламасы. Кейіпкеріміз де осы жолды таңдап, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдетілген несие алған. Қолға түскен қаржыға жаңа кәсіп бастап, пластик бөтелке әзірлеу ісіне ден қойды.

Оның сөзінше, мұндай бизнеспен айналысуға нарық талабы түрткі болған. Қазір Арал мен Қазалы аудандарындағы кәсіпкерлер құйылмалы сусындарға құтыны өзге өңірден немесе облыс орталығынан тасымалдайды. Бұл уақыттан ұтылу әрі шығын көлемін ұлғайтады. Сондықтан тиімді шешім ретінде Қазалы ауданынан пластик бөтелке шығаруды қолға алған.

– Аудан мен көршілес Арал қаласында құйылмалы сусын кәсібі кең тараған. Бәрі дерлік қажетті пластик бөтелкені шалғайдағы Қызылорда қаласы, тіпті Алматыдан алдырады. Ал мұндай құтыны Қазалыдан шығарсақ, шығын азайып, аз уақытта керекті өнімді алуға болады.

Осы мақсатта «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 6 млн 900 мың теңге жеңілдетілген несие алдым. Бұл қаржыға Ақтөбеден пластик бөтелке құятын құрылғы сатып әкелдім. Ресейлік «Техноиндустрия» компаниясының өнімін өңірімізге әкеліп, жуырда іске қостық, – дейді кәсіпкер.

А.Шүйіншәлі 10 жылдан астам кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Жеке аралас дүкені халыққа қызмет көрсетіп тұр. Онда құйылмалы сусын сатательдықтан, сырттан пластикалық ыдысқа тапсырыс беретін. Әр данасы 65 теңгеден болғандықтан, қалтаға ауыр тиеді. Сондықтан ізденіп, өзі осы дүниелерді шығаруды ойлады.

Ақбала жаңадан алған құрылғының жұмыс механизмін бөлісіп, өнімділік көрсеткішін айтып берді. Оның сөзінше, цех алдағы құйылмалы сусын науқаны кезінде қос ауданды керекті пластик ыдыспен қамтуға толық қауқарлы.

– Негізі 0,5 пен 5 литр аралығындағы пластик бөтелкелер. Алғашында 1,5-2 литрлігінен 500 данасы шығарылды. Жалпы бұл құрылғы 1 сағатта 500-600 данасын өндіреді. Бір күнде 3000-ға дейін басып шығара алады. Бөтелкелерге арналған қақпақ пен шикізатты Алматыдан тапсырыспен алдырамын, – дейді ол.

Қазір іскер кәсіпкер 2 адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсібін кеңейтуді де ойлайды. Жаңа идеялары көп еңбекқор жан алдағы уақытта дәмхана мен өзге де өндіріс орнын ашуға құштар екенін жасырмады.

Мемлекет халықты кәсіпкерлікке тартып, қоғам үшін пайдалы істің көбеюіне мақсатты түрде мүмкіндік беруде. Ақбаланың бизнеске бет бұрып, тың өндірістің тұтқасын ұстауына да жарқын жоба сеп болғаны анық. Ендігі мақсат – қолдаудан нәтиже шығарып, табыс көлемін ұлғайту. Бұл орайда кейіпкеріміздің әлеуеті мен арманы жағымды жаңалыққа бастарына сенім мол.

**Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ**

# «ҚҰЛЫНШАҚ» ӨЗІМІЗДЕ ШЫҒАДЫ

Бүгінде балалар киімі өте көп. Десе де оның ішінде сапалысын таңдап алуда ата-аналар қиналып жатады. Қала тұрғыны Перизат Ашықбаеваның төрт баласының да аллергиясы бар. Балаларына денеге ыңғайлы үй киімдерін бұрын сырттан тапсырыспен алдыратын. Енді көпбалалы ана мұндай киімдерді өз тігіп сатуға қол жеткізді. Ол жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік грант иеленіп, «Құлыншақ» атауымен балалар киімін шығаруда.

Үйде бала күтімімен отырған жас ана осы уақытқа дейін де тігіншілікпен айналысқан. Бірақ арнайы тігін машиналары мен құрал-жабдықтары, сапалы мата мен жіп болмаған соң тапсырыс алмайтын. Қайтарымсыз грант арқылы өзінің идеясын іске асырғанына қуанышты.



– Қазір байқасаңыздар, балаларға арналған сапалы киімдердің көбі Түркия елінен келеді. Оның бағасы да қымбат. Көп ата-ананың қалтасы көтере бермейді. Бір жағы балаларымның киімге аллергиясы бар-тұғын. Мен секілді аналардың мәселесін шешу үшін осы идеяны жүзеге асырып, үй және спорттық киімдерді шығаруды қолға алдық. Матасы мен жібінің өзін Түркияның ең мықты деген зауыттарына тапсырыс беріп, алдырып жатырмыз. Бояуы шықпайтын сапалы матадан тігілгендіктен, денеге де ыңғайлы. Жатарда киетін киімдер 4-6 мың теңге аралығында болса, спорттық киімдер 6-8 мың теңгеден. Бұл киімдерге «Құлыншақ» деген атау бердік. Оның заттаңбасын алматылық дизайнерлер жасады, – дейді Перизат.

Тігіншінің айтуынша, балаларға арналған киімді таңдағанда, матаның сапасына және оның құрамына назар аудару керек. Мақта, зығыр, жүн және жібек денсаулыққа ең қауіпсіз болып саналады. Табиғи материалдардан жасалған киімдер терлетпейді. Денеге ыңғайлы, жұмсақ.

Әзірге ол өзімен бірге тағы бір адамды жұмыспен қамтып отыр. Болашақта үлкен ателье ашуды мақсат еткен жас ананың қолға алған ісіне береке берсін дейміз.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА,**
**«Сыр бойы»**

# САПАЛЫ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Елімізде шағын және орта кәсіпті дамыту, бизнес жолындағы кедергілерді жою мемлекеттің басты бағыттарының бірі болып отыр. Әсіресе қазіргі таңда шағын және орта бизнес өкілдеріне мемлекет тарапынан беріліп жатқан көп мүмкіндіктің арқасында кәсібіңізді кез келген жерде дөңгелente аласыз. Бұл орайда бағыт-бағдары айқын мемлекеттік бағдарламалар халық игілігі үшін жұмыс жасауда. Осындай берері мол бағдарламаның бірі – «Ауыл аманаты» жобасы.

Аталған жоба аясында «Таң» ауылында қап шығаратын зауыт іске қосылды. Жергілікті кәсіпкер Дәурен Құдабай бауыры Рүстем екеуі бірлесіп өнім шығаруда.

– Өзім негізі мұғаліммін. Кәсіпке келмес бұрын Қызылорда қаласында мектепте ұстаздық еттім. Мамандығым – тарихшы. Әкемнің зейнетке шығуына байланысты ауылға келіп, әкем негізін қалаған «Нұр» қожалығының шаруасын қолға алдым. Қожалық күріш егумен айналысады. Шағын күріш ақтау цехымыз да бар. Қап шығару кәсібіне өзіміздің қажеттілікті өтеу үшін келдім. Оның үстіне қаптың барлығы Қытайдан келеді әрі бағасы мен сапасы сын көтермейді. Сондықтан өзіміз шығарып, халыққа да сапалы дүние ұсынайық деп шештік, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде қап шығаратын зауыттың өніміне сұраныс жоғары. Отандық өнімнің әлеуетін арттырғысы келетін кәсіп иелерінің басты мақсаты – сырттан келетін тауарларды ығыстырып, өнімнің қолданыс аясын кеңейту.

– Зауытты ашу үшін «Құдабай» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативін құрып, «Ауыл аманаты» жобасымен 2,5 пайызбен жеңілдетілген 14 млн теңге несие алдық. Технологияны Қытайдан әкелсек, шикізатты Өзбекстаннан алып отырмыз. Қап шығарудағы мақсатымыз – пайда табу емес. Керісінше, халыққа сапалы өнім ұсыну, – дейді ол.




Кәсіпкердің айтуынша, зауыт негізгі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сұранысына сәйкес әртүрлі көлемде қаптар дайындауда. Күніне 10 мың қап тоқиды. Қыркүйек айынан бастап, яғни егін науқаны кезінде қапқа деген сұраныс артатын көрінеді. Қазір зауыт 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтуда. Әңгімелесу барысында кәсіпкер мемлекеттік бағдарламалардың көп пайдасы барын да тілге тиек етті.

– Кәсіпкерлікте шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған бағдарламалар өте тиімді. Мемлекет төмен пайыздық несие, қайтарымсыз гранттар дейсіз бе, барлығын ұсынып отыр. Ал оның игілігін көру – әркімнің өз ынта-ықыласына байланысты. Кәсібің – нәсібің, сондықтан ерінбей еңбек ету керек. Мүмкіндікті барынша пайдаланған дұрыс, – дейді.

Кәсіпкердің алға қойған жоспары да ауқымды. Жуырда тағы бір өндіріс орны – аяқ-киім тігу цехын ашуды жоспарлап отыр.

– Цехтың барлық технологиясы дайын. Іске қосылғанда, қазақы нақыштағы етіктерді тігетін боламыз. Қазір балам аяқкиім тігу технологиясын үйреніп жатыр. Мұның барлығы өзімнің қаржыммен жүзеге аспақ, – дейді Дәурен.

Ағайындылардың бір емес, бірнеше кәсіпті жолға қойғаны елді сүйсінтеді. Осы ретте еңбекқор жанның жаңа бастамасына тек табыс тілейміз.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,**
**«Сыр бойы»**

Кезінде Үлкен Арал қасіретін жеңілдету іс-шараларына отандық және шетелдік ғалымдармен бірге отбасымның барлығы дерлік, ұлым Ержан, қызым Майра, олардың анасы Тамара Омарғазықызы болып, қолымыздан келген жақсылықты аямадық. Арал ұлтанына жүргізілген ғылыми тәжірибелерге Германия ғалымы, профессор Зигмар Брекле жетекшілік етті. Израиль елінің ғалымы, профессор Арон Айермен бірге мелиоратор әрі топырақтанушы агрохимик, геохимик-геофизик ретінде шөлейттенген тұзды ұлтанның жаңадан пайда болған жазығына, қуаңшылық жағдайына бейімделген өсімдіктерді (сарсазан, қарабарқын, жыңғыл түрлерін және сексеуіл) егу технологиясын зерттеп тауып, енгізумен шұғылдандық.

# ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘСІЛДЕР ТИІМДІ



Коллаж: Г. Өтешова

Фото: Ашық дереккөзден.

Ержан мен Майра басқа жергілікті қатысушылармен бірге жазыққа сексеуіл мен жыңғыл көшеттерін екті. Тамара Омарғазықызы агрохимик-аналитик ретінде жүргізілген тәжірибелердің қилы тақырыбына сәйкес, теңіз ұлтанының суы кепкенде, күрделі тұзды жағдайда құрылған топырағының үлгілерінен агрохимиялық және тұзды құрамды заттарды тұрақты анықтап отырды.

Халықаралық маңызы зор, өте өзекті Арал мәселелеріне дұрыс, ғылыми негізделген шешім табу үшін жасалған тәжірибелер нәтижелері алыс-жақын шетелдік баспаларда, Қазақстанда, ал өте маңызды әрі өміршең шешімдер мен ұсынымдар кітап-кітапша түрінде әлемге әйгіленіп жатты.

Арал теңізінің ұлтанына сексеуілден жамылғы жасау жолын тауып, қасіретіне тосқауыл қоямыз деп жатқанда енді Кіші Арал теңізі суының деңгейі күрт түсті деген оқыс хабарды естідік. Тұла бойымыз дір етіп, қолымызға қалай қалам-қаруымызды алғанымызды өзіміз де білмей қалдық.

Бүгінгі Қазақ елі ояу әрі сергек, бізді қолдайтын көрші елдермен бірігіп, Үлкен Аралдан келер зиянды болдырмауға қуаты мен жігері, тәжірибесі жетеді. Климаттың оқыс ойраны мен Арал қасіреті ұласып, жер бетіндегі елдердің экологиялық санасының жедел оянуына үлкен себепші болды.

Осы жаһандық өзекті мәселелер, Арал мен климат байланыстылығы жөнінде Араб елінің Дубай қаласында өткен саммитте ерекше талқыланды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көп елдің басшылары алдында табиғаттың қатерлі құбылысынан туындаған қиындықтар (орман өрті, су тасқыны, қуаңшылық, т.б) бәрімізге бірдей келетін жаһандық қасірет деп экология жөнінде айтты. Президент сөзі көп қолдауына ие болғанына біз де қатты қуандық. Шүкір, әлемге әйгілі Аралда жасалған құнды ісіміз бар. Осы ғылыми жетістіктеріміз Аралдың тұзды топырақты шөлейт жазығын ғылыми негізде жаппай көгалдандыруға сәтті қолданылса дейміз.

> Ерте көктемде соғатын құмды суық боранына, жаздағы шыжыған ыстығына, күздегі үскірік қара суығына көніп, төзіп жүріп 180 айдың 7 айында Біріккен Ұлттар Ұйымы ұйғарымымен Аралдың құрғаған ұлтанынын зерттеу үшін құрылған бірінші дүниежүзілік экспедиция мүшелері тарихи құнды, нәтижелі тәжірибелер жасаппыз. Жетістіктеріміз ағылшын тілінде үш кітапқа енгізіліп, орыс тілінде бір кітап және 19 мақала жарияланды.

Енді Кіші Арал мәселесі асқынбай тұрғанда оның судан ашылған акваториясын Сырдария суымен шұғыл әрекеттер арқылы тез арада бұрынғы тұрақты деңгейіне дейін толтырмасақ, Үлкен-Кіші Арал тағдыры күрделеніп кетуі мүмкін. Сырдарияға су сырт елден келеді. Ішкі егін суын осыдан былай өзіміз үнемдеуіміз керек. Ауызсу мен егін суының өзектілігі жаһандық деңгейде артып барады. Осы мәселеге көзқарасымыз оңтайланса, Арал тағдыры түзелетініне сеніміміз артады.

Кезінде Үлкен Аралдың құрғаған ұлтанында шетел ғалымдары күнделікті атқаратын іске бізді қызықтырып жетелеуінің арқасында жұмыс өте нәтижелі болды. Осындай қызығушылықпен және тапсырманы етімізге сіңген адами тәртіппен орындадық. Ерте көктемде соғатын құмды суық боранына, жаздағы шыжыған ыстығына, күздегі үскірік қара суығына көніп, төзіп жүріп 180 айдың 7 айында Біріккен Ұлттар Ұйымы ұйғарымымен Аралдың құрғаған ұлтанынын зерттеу үшін құрылған бірінші дүниежүзілік экспедиция мүшелері тарихи құнды, нәтижелі тәжірибелер жасаппыз. Жетістіктеріміз ағылшын тілінде үш кітапқа енгізіліп, орыс тілінде бір кітап және 19 мақала жарияланды.

Бір таңғаларлық жағдай, осы орасан еңбегіміз өз елімізде әлі тиісті бағасын алмады. Біз бірінші болып Аралдың тірі жансыз меңіреу шөлейтін зерттеп, оны тірілтіп, сексеуіл орманына айналдырудың, ғылымға сүйенген әдіс-тәсілдерін жариялап, тізіп бердік.

Тарихи және құнды, дүниежүзілік деңгейде жасалған ғылыми нәтижелеріміз көпшілік назарына жетпеді. Жаһандық климат өзгерісі Аралдың қазіргі жағдайына әсер етпей ме деп те ойлаймын.

Табиғат өкпесі боранымен, апталаған ыстығымен оқыс келіп, бүлдіргені былай тұрсын, қуаңшылықты тұрақтатып, малға жұт, жерге тақырлық әкеліп, тіршілікті тоқтатар күшімен өлшенеді. Осындай болатынынан жер жүзі халқы хабардар.

Былтыр 25-26 мамырда Қызылорда қаласында Арал қорының есеп беру халықаралық конференциясы өтті. Бұл жиынға Жапониядан, Қытайдан, Германиядан, Ресейден, Өзбекстаннан, Қазақстаннан, т.б елдерден қатысқан ғалымдар өз жетістіктерін ортаға салып, талқылап жатты. Бір қызығы, баяндамаларында сексеуілдендіру жұмыстары Арал ұлтанында еш кедергісіз жайқалып шықты дегеніне күмәнданып, «топырақтану маманынсыз ол мүмкін емес» дегенімде, Қарақалпақстан ғалымы «ақсақал өте дұрыс айттыңыз» деді. «Біз 10 жылдан аса сексеуілді өсіре алмай қиналдық. Почвоведті алып едік, 3000 гектар ұлтанға еккен сексеуіл өскіні өсіп, жайқалып тұр» деді де, слайдпен сол жерді көрсетті. Екі күндік конференцияда Аралдың шөлейт тұзды, жансыз жерін бірінші болып игергеніміз және құнды ғылыми еңбектер аталмады. Орнымнан тұрып, төрт кітапты барлық отырғандарға көрсеттім. Өзімнің және Германия ғалымы, профессор Зигмар Брекленің, Израиль ғалымы Арон Айер мырзаның және басқалардың еңбегін, жинақтарды ұсындым. Үшеуі ағылшын тілінде дүние жүзіне әйгіленген еді. Төртіншісі 2021 жылы орыс тілінде жазылып, Қызылорда баспаханасынан шыққан. Бұл Қазақстанда бірінші басылған, Аралдың ұлтанында атқарылған ғылыми тәжірибелер нәтижелерінің бірінші жинағы болатын. Авторлары мен және Ғалиолла Мейірман. Кітаптың аты – «Особенности формирования растительного покрова на обсохшем дне Аральского моря». Атқарған еңбегімізді ескеріп, біздің істегенімізді дамытып, ұлтанды көгертіп, сексеуілдендіріңдер деп, алдағы істеріне сәттілік тіледім. Жапонның сол кездегі Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Джун Ямада қолымды алып, біздің еңбегімізге басын иіп ризашылығын білдірді.

> Климат өзгерісінен туындаған жаһандық апаттар: орман өрті, су тасқыны, қуаңшылық қасіреті, таудағы қардың аздығынан өзендер мен теңіздердің су деңгейінің күрт төмендеуі, т.б. халықтың ығырын шығарып жатыр. Сырдарияның екпінді су деңгейі де тұрақсызданып, күрішке су жетпей жатыр деген ақпарат құлағымызға жеткенде, кіші Арал теңізінің тағдырына жанашыр ретінде қатты алаңдай бастадық.

Енді 1997-2011 жылдары атқарылған 15 жылдық ғылыми тәжірибелердің нәтижелерін, тарихи маңызын, ұсыныстар мен шешімдердің ерекшелігін мұқият талдайық.

Біріншіден, 15 жылдың ішінде Үлкен Аралдың ұлтанында Қазақстан ғалымдары 225 күн, шетел ғалымдары 180 күн болып қилы-қилы тәжірибелер жасадық. Жаздың ыстығында тереңдігі 1,5-2 метр көп шұңқыр қазып, теңіз ұлтанының жаңа топырағының құрылымын зерттеп, жер картасын сыздық. Келешек тәжірибені салу әдіс-тәсілін ойластырғанда, сексеуіл өскінінің айлап есеюін зерттегенде, күзде тәжірибе салғанда, отандық және шетелдік ғалымдарды талпындыратын жаһандық мәселені шешу күнде есімізге түсетін. Намыс бізді алға ұмтылдырып, жігерлендіріп отырды. Профессорлар Зигмар Брекле мен Арон Айер сол кезде дүние жүзіне ғылыми еңбектерімен танымал ғалымдар еді. Шын патриот екенін Біріккен Ұлттар Ұйымы басшылары біліп, Арал ұлтанын зерттеп игеруге бірауыздан қолдап, жібергенін өздерінен естідік және ісімен дәлелдеді. Олар біздің қасіретімізді өз еліне келген үлкен апаттай қабылдады. Қазақстан ғалымдарын және қатысушыларды бұрыннан таныс адамдардай құшақ жайып қарсы алды. Жұмыс бастағанда шын жүректен шыққан өміршең, ұшқыр ойларымен бізді баурап алып әрі оң істерімен алға жетелеп отырды. Жан-тәнімен беріліп істеген ғылыми жұмыстың нәтижесі құнды болып тарихта қалатыны белгілі еді. Тілдесуімізді оңайлатқан, орысша, немісше және ағылшынша сөйлейтін, ұлты неміс, Шымкент қаласының тумасы, PhD докторы Вальтер Вухерер – Зигмар Брекленің шәкірті.

Екіншіден, Арал ұлтанын зерттеп игеруге келген отандық ғалымдар да, қатысушылар да – өз мамандықтарын терең меңгерген, өмір елегінен өткен адамдар. Тапсырыстар күнделікті, өте жедел атқарылды. Басқарушылар күнде мұқият тексеріп барып, тиісті бағасын беріп қабылдады. Кезі келгенде қиын тапсырыстарға араласып, көмектесті. Жұмыс аяғында, әдеттегідей, ғылыми кеңес құрып, қателерді бірлесіп түзеттік. Кешкі ас соңында басшылар ертеңге тапсырма беретін. Күнделікті жұмыс осындай сергек бақылауда болғандықтан, тәжірибе нәтижесіне, шешімдеріне сенім артып, олардың өміршеңдігіне көзіміз жететін.

Үшіншіден, шөгінділердің су астында орналасуына байланысты, әртүрлі жазықтардың табиғаты жағынан құрлыққа тән көрнекті бейнелері құрылады. Олардың қыр-сырын жетік білу үшін сол жазықтардың әр жерінде 1,5-2 метр қазба шұңқырлар (разрез) жасап, тұз қабаттарының орналасуын зерттейміз. Күнгей қабырғасынан, әртүрлі тереңдігінен топырақ үлгілерін аламыз. Үлгілер көрсеткішіне сәйкес жазықтар картасы жасалады. Осы карталар мәліметтерінен тәжірибе салудың әдіс-тәсілдері анықталады. Аталған әдіс-тәсілдермен отырғызылған сексеуіл өскіндері өз орындарында, тұздан келетін зиянды көрмей, еркін өседі. Өскіндер отырғызылған ұяларынан өсуіне кедергі сезбесе, оны өскіннің өскен орнын жерсінуі дейді. Құрылымы әрі құрамы әртүрлі жазықтарға өз ерекшеліктеріне қарай, анықталған әдіс-тәсілдерімен сексеуіл өскіндері отырғызылса, жерсінуі 15-20-дан 45 және 90%-ға артады. Осы көрсеткіштер мәліметтерінің маңызы Арал ұлтанын сексеуілдендіру жұмысында өте зор екені түсінікті. Осылай зерттеу нәтижесінде сенімді әрі тұрақты сексеуіл жамылғысын жасаудың жаңа жолы табылды. Мұны сексеуілдің өміршеңдігі дейді.

Төртіншіден, жерінің ерекшелігіне байланысты, түрлі әдіс-тәсілмен отырғызылған тәжірибедегі сексеуіл өскіндері кедергісіз өсіп-дамып, есейіп осы күнге дейін жайқалып, жапырақ жайып тұр. Кең тараған ауруларға шалдықпай келеді. Сексеуілдің алды 20 жылдан асыпты. Өміршеңдігіне себепші болған қолдан жасалған жасанды және адами факторлар – карта жасап әдіс-тәсілдерді анықтау жолы, жауапкершілікті күнде сезіну, топырақтану ғылымын, Арал ұлтанында жаңадан құрылып жатқан әртүрлі құрамды әрі тұзды топырағын терең біліммен ұштастырып, орынды және уақыт жағынан ұтымды қолданған мамандар.

Бесіншіден, қыр-сыры әртүрлі жерден салыстырмалы түрде електен өткен ғылыми нәтижелердің сәтті шығуы мен сенімге бірден ие болуында. Тәжірибелердің ұтымды шешімдері мақала-кітап арқылы елжұртқа жарияланды.

Сонымен Біріккен Ұлттар Ұйымының ұйғарымымен құрылған, бірінші болып Арал ұлтанында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген экспедиция ғалымдарының нәтижелерінен 2 маңызы зор ұсыным әлемге таралу үшін баспадан екі кітапша болып шықты. Қилы-қилы ғылыми тәжірибелер жетістіктерінен 19 мақала жазылды. Олар Берлинде, Парижде, Ресейде, Беларусьте, Украинада және Қазақстанда жарық көрді. Тәжірибелер Дүниежүзілік Даму банкінің қаражатына жасалды. Қаражат банкіден профессор Зигмар Брекленің беделімен алынды. Осы тарихи тәжірибелердің ғылыми нәтижелері ағылшын тілінде 3 ғылыми жинаққа еніп, Берлинде, Парижде басылды.

> Үлкен Арал шөлейт жазықтарын сол кеңістіктерде жасалған тарихи-ғылыми жетістіктерді жетік меңгеріп барып, фитомелиорацияның жаңа технологиясын, сексеуілдендірудің іс-шарасын тез арада жаңаша дайындап, қолға алған дұрыс. Жаңадан пайда болған тұзды шөлейт жазықтарды тарихи тәжірибелер нәтижесімен, дәлелденген әдістерімен көгалдандырса, сексеуіл өскіндерінің өсіп-дамуына зиянын тигізе алмайды.

Климат өзгерісінен туындаған жаһандық апаттар – орман өрті, су тасқыны, қуаңшылық қасіреті, таудағы қардың аздығынан өзендер мен теңіздердің су деңгейінің күрт төмендеуі, т.б. халықтың ығырын шығарып жатыр. Сырдарияның екпінді су деңгейі де тұрақсызданып, күрішке су жетпей жатыр деген ақпарат құлағымызға жеткенде, Кіші Арал теңізінің тағдырына жанашыр ретінде қатты алаңдай бастадық.

Кіші Арал теңізінің суы тартылса, жалпы Арал теңізінің акваториясы (қазандағы) шөлейттенуге күрт бет бұрады. Аралқұм жоны құйындап соққан жел арқылы әр жерде шоғырланып, шашылып жүрген құм төбелерімен қосып, тұтастырып, Қарақұм мен Қызылқұм жоталарын жалғастыруға тырысады. Сонда Арал қазандығын жартылай құм басады. Сырдария суы Әмудария сияқты құм құрдымына кетеді. Үлкен-Кіші Арал қазандықтарының айналасын құм жондары қоршап, Арал өңірін Сахараға айналдырмаса да, соған ұқсас өлі өмір кеңістігін кеңейтуге бет бұрады. Қуаңшылықтың шөл даласында шөл тіршілігі басталады. Шөл дала климаты жаһандық климат әсерінен тұрақтануға талпынады. Осы өзгерістердің Қазақстанның континентальдық климатына оңынан теріс әсері басым.

Кейінгі буынға шөл даланы, Қарақұм, Қызылқұм мен Аралқұм арқылы Мойынқұммен тұтасқан құм жоталарын ұсынбас үшін әлі де көп жұмыс атқарылуы керек. Олай болса, апатты бәсеңдету үшін қолдан келер сексеуілдендіруді, елді, жерді ағаш егіп ормандандыруды бүгіннен бастап тез қолға алайық, ағайын! Арал теңізі ұлтанының жазығын қоршаған Қызыл-Аралқұм жоталары батысқа қарай қозғалмасына кім кепіл?! Ол үшін Президентіміздің Үлкен Аралдың тұзды ұлтанын сексеуілдендіру және Кіші Арал теңізінің суын молайту бастамасына іспен көмектесейік. Күріш еккен кезде оның көлемін керегінше азайтуға тарылмайық. Біртебірте күріш жүйесінен, суды аз талап ететін дақылдар (бидай, жоңышқа, арпа, сұлы, жүгері, картоп, қарбыз, қауын, көкөніс, жеміс ағаштарының көлемін ұлғайту) жүйесіне көшуге батыл бетбұрыс жасаған дұрыс болады дейміз.

Ал Үлкен Арал шөлейт жазықтарын сол кеңістіктерде жасалған тарихи-ғылыми жетістіктерді жетік меңгеріп барып, фитомелиорацияның жаңа технологиясын, сексеуілдендірудің іс-шарасын тез арада жаңаша дайындап, қолға алған дұрыс. Жаңадан пайда болған тұзды шөлейт жазықтарды тарихи тәжірибелер нәтижесімен, дәлелденген әдістерімен көгалдандырса, сексеуіл өскіндерінің өсіп-дамуына зиянын тигізе алмайды. Қилы-қилы тұздар қабатын өскіндер тамыры айналып өтеді. Сонда ғана Арал ұлтанына тұрақты, өміршең өсімдік жамылғысы жасалады. Сексеуіл жамылғысы бүкіл Арал жазығын қамтыса, құм белестерінің, төбе-төбе құмдардың тұтасып, Аралқұм жоталарына қосылуына орасан табиғи бөгет болар еді. Ғылыми негізделген әдіс-тәсілдерді қолданып отырғызылған сексеуілдер, қандай да жолмен табылған қаражаттың және Халықаралық қордың тиімділігін арттырады. Әдіс-тәсілдердің карта жасау жолымен дұрыс анықталуын қамтамасыз ететін топырақтанушы агрохимик, геолог, биолог, мелиоратор-инженер, тағы басқа қажетті мамандар. Олар өз мамандығына сәйкес білімді терең меңгеруі керек. Жұмыс орны шөл дала болғандықтан, жауапкершілігі мол, намысты, денсаулығы мықты адамдардан құралған зерттеу экспедициясы Аралды көгалдандыруды абыроймен адал орындайтынына сеніміміз мол.

Арал қасіретін жеңілдету жолында адал қызмет ету, бүкіл адамзатқа рақымшылық пен қайырымдылық жасағанмен бірдей.

**Хасый ЖАМАНТІКОВ,**
**ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы**

Сыр аймағының аға басылымы «Сыр бойы» газетінің 95 жылдығына орай газетте ұзақ жыл қызмет етіп, бұл өмірден мезгілсіз кеткен досым Қази жайлы жазбамды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

# ЕСКЕРТКІШІН ӨЛЕҢІМЕН ОРНАТҚАН



Қазекең парасат-пайымы биік прозашы, өлеңінің әр жолында дала жусанының иісі бұрқыраған ақын еді.

... 1969 жыл болатын. Сол кездегі Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетінен дәріс алуға талап қылған кезім. Үміткерлердің көптігінен көз сүрінеді, бір орынға он-он бір адам. Есік алдында иін тіресе тұрғандардың көбісі қобалжулы. Арагідік әзіл-қалжыңды қарша боратып, жиналғандардың езуін жиғызбай тұрған еңсесі тік, екі иығына екі кісі мінгендей балуан денелі бір жігіт сұраулы жүзбен аңтарыла көз салған.

– Сен Еркінсің ғой, ал мен «Қарақұм дегенше, қарағым десейші» деген Қарақұмның Қазиымын ғой, – деді.

Міне, сол жылдан бастап Қазекең бұл өмірден өткенше сыйлас та сырлас дос болғанбыз. Содан да оның ешкімге ұқсамайтын, болмысын білемін. Сегіз қырлы, бір сырлы азамат екеніне көзіміз жеткен. Ол жүрегі нәзік, жаны жайсаң ақын еді. Әдеби ортаға поэзияның ақ қанатты тұлпарын самғата келген. Өзінің арынды ақын екенін азғантай уақытта-ақ мойындатты. Сыршыл да салиқалы ойы бар лирик болатын. Сол кезде өзіндік нақышы мен бояуы қанық өрнекті өлеңдері облыстық, республикалық мерзімді баспасөзде жарыса жарияланып жатушы еді.

Қазекеңнің өлеңдерін оқып отырсам, шығармашылығының шырқау шыңына ұмтылған шабытты шағы екен. Оның алғашқы өлеңдері қазақтың жас талантты ақындарының «Көктем тынысы» (1975 ж), Сыр аймағы қаламгерлерінің «Дария жыры» (1983 ж) жинақтарында жарық көрді.

Біреулер білер, біреулер білмес, Қазидың өз ұстанымымен ақындықтан қош айтысқан кезі де болған. Ұмытпасам, 1976 жыл болуы керек. Топтама өлеңдерін жинақтап, «Жалын» баспасынан кітап етіп шығаруға барады. Өкініштісі сол, баспаға тапсырылған қолжазбалар қолды болды ма, беймәлім. Ат сабылтып жүруді қаламайтын Қазекеңнің:

– Енді өлең жазбаймын. Шүкір, жазбаларым жүрегімде қалды. Алла алдағы күндеріме аманат етіп қалдырса, көрермін, – дегені әлі есімде.

Айтқанынан қайтпайтын Қазекең шынында да сол кезден бастап поэзияға тоқтам жасап, прозаға бетбұрыс жасады. Ол баспасөздің барлық жанрында қолтаңбасын қалдырды. Жазбаларының ерекшелігі сол, әлдекімдерді көлгірси мақтаудан бойын аулақ ұстап, керісінше кемшілікті сын тезіне салушы еді. Сыр аймағының экономикалық-әлеуметтік салаларының дамуына айтарлықтай үлес қосар тың ой, жаңа ұсыныстар айтып, зерттеулер жүргізуде де озық болды. Бір ғана дерек, кезінде жұртшылық арасында үлкен пікірталас тудырған «қара алтын» жайында жазған зерттеуі республикалық басылымда жарық көріп, көпшіліктің көкейін дөп басқан еді.

Көркем прозаға бетбұрыс жасаған Қазекеңнің тұңғыш әңгімелерінің өзінен-ақ оның бұл жанрға тектен-тек келмегені көрінеді. Мұның айқын айғағы оның қаламынан туған «Гүлдәурен», «Ақ көптер» атты хикаяттар кітабы болатын. Республикалық «Жалын» альманағы ұйымдастырған әдеби конкурстың бір емес, екі мәрте топжарған жүлдегері атанды. Журналистік қызметі де жемiссiз болған жоқ. Бірнеше рет облыстың үздік журналисі, М.Шоқай атындағы сыйлықтың иегері, облыс әкімінің стипендиаты атануы осы саладағы еңбегінің елеулі екеніне айғақ.

Қази есімдері елге танымал Исатай Әбдікәрімов, Қонысбек Қазантаев, Алдаберген Бисенов, т.б. ондаған айтулы азамат жайлы деректі кітаптарын да жарыққа шығарды.

Кейін Қази ақындыққа қайта оралды. Он жыл бойы өмірі үшін арпалысқа түскен досымның құштарлығы, азаматтық болмысы, елін сүйген перзенттік парызы поэзияда қайтадан алтын арқау тартты. Содан да Қазидың әсемдікті әрлеп, сұлулықтан сыр түйген өрнекті де өшпес өлеңдерін ақиық ақындар Фариза Оңғарсынова, Асқар Егеубаев, тағы басқалар жоғары бағалады. Айтқан ойымыз орнықты болуы үшін Фариза ақынның алғысөзін қал-палсыз назарларыңызға ұсыналық.

«Қази Данабаев талантты жазушы, қаламы жүйрік журналист еді. Арал ауданында дүниеге келіп, жоғары білімді де сол өңірде алып, шығармалары облыстық, республикалық басылымдарда жарық көріп жүрді.

Қазидың «Гүлдәурен», «Сағыныш екен бала кез» атты кітаптары шыққан. «Жалын» журналының жабық бәйгесінде бірнеше мәрте жүлделі болды.

Ақжарқын азамат дүниеден жас кетті. Биыл маусымның басында өмірден озғанына бір жыл толады. Қази ауырып жатқанда маған хат жазып, ішіне өзінің бір өлеңін салып жіберіпті. Ардақты азаматтың сол соңғы жазған өлеңін халық сүйіп оқитын «Егемен Қазақстан» газетіне ұсынуды жөн көрдім».

Айтқандай, Қазекеңнің осы өлеңіне сазгер-әнші Елена Әбдіхалықова «Сен аман бол, Қазақстан» атты патриоттық ән шығарды. Бүгінде бұл ән сахнадан түспейді.

Ұмытпасам, 2013 жыл болуы керек, республикалық «Айқын» газетінде аталған басылым бас редакторының орынбасары Жолдасбек Дуанбайдың «Қазиды қашан кинода сөйлетеміз?» атты мақаласы жарияланды. Жолдасбек мақаласын: «...Аудан орталығындағы дүкен сөресінен «Гүлдәурен» атты кітапты көзім шалып қалды... Жұқалтаң ғана сол кітапты сатып алуға тура келді. Авторы – Қази Данабаев екен» деп бастап, одан әрі жинақтағы әңгімелерге жан-жақты талдау жасайды да соңында төмендегідей ұтымды ұсыныс тастайды:

«Түсінікті әрі қызықты әңгімелердің әрқайсысын оқып, тауысқанша тағатыңыз таусылады. Ал мені қызықтырған «Гүлдәурен» режиссерлер үшін киноға сұранып тұр.

...Иә, балалардың бал тілін білген, бабын түсінген жазушының бұл шығармасы балалар фильміне зәру болып отырған режиссерлер үшін тамаша олжа. Қази Данабаевтың қай шығармасы да экрандалса, ұялмай көретін туынды болар еді. Тек соны көретін көз керек, режиссер керек. Осы мақаладан соң кино түсіруге ықыласы ауған азаматтар болса біз де қолымыздан келгенше көмектесер едік» деген еді.

Бұл ұсынысты құба-құп деуге әбден болады. Алла жазса, бұл ниетті де көпшілік қабыл алар деген үміттеміз.

Есімі елге танымал жазушы, Қазекеңнің қаламдас досы Қуаныш Жиенбай өз естелігінде оны төмендегіше еске алады:

«Қазидың көзін тырнап ашқалы көргені Қарақұмның бұйрат-бұйрат құм төбелері мен аңызды желі. Сол желмен жөңкіле көшкен қаңбақ. Құмға тамыр сіңірген сексеуіл мен жыңғыл. Сүреңсіз көрініс, адам қызығатындай оқыс жағдайды да аңғара алмайсың. Шынтуайтына келгенде, Қази үшін мұнан артық жер жұмағы жоқтың қасы, оның Мекке-Мәдинесі – Қарақұм. Ал шөлді аймақта өмір сүрген адамдардың көңіл-күйлеріне Қази шығармалары арқылы назар салыңызшы, олардың жүрек дүрсілін Қазидың көзімен қарап, көңілімен түйсініңізші. Сіз сонда тіпті басқа әлемге тап болар едіңіз. Кіршіксіз таза әлемге!».

Қазидың шығармаларына мұнан артық баға беруге болар ма, сірә?

Иә, өмір деген осы. Қази досымыздың мәңгілік сапарға мезгілсіз кеткені жүрегімізге жазылмас жара салған-ды. Ой, дүние-ай десейші! Өмір үшін арпалысқан Қазидың қолынан мәңгілікке кеткенше қалам түскен емес. Бірде көңілін сұрай барғанымда мына бір өлең жолдарының қолжазбасын ұсынған.

Операция...
Реанимация.
Бөлмесі бозғылт тұман ба?
Талай ажалдан аман сақтап ең,
Сақтағай тағы бір Алла!

Ақ халаттылар ма?
Ақ қанаттылар ма?
Ұшады мені айналып...
Бауыр тесілген,
Қарын кесілген,
Жатырмын үнсіз байланып.

Қолымды созсам шарықтап
көкке,
Кетер ем самғап...
Қарашы...
Жылан қабығындай жұп-жұқа
екен ғой,
Өмір мен өлім арасы.

Уақыт келер...
Уақыт кетер...
Тағдырың салса не етерсің,
Бақытсыз да өлер,
Бақытты да өлер...
Есіңді жисаң,
Өмірді қимайды екенсің,
Өмірді қимайды екенсің, –

деген Қазиға белгілі жазушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ергөбек «Өлеңімен өзіне ескерткіш орнатып кетті...» деп баға берген. Демек, қайталанбас досым Қазидың өлең-ескерткіші мәңгілік тұрады.

**Еркін ӘБІЛ,**
**жазушы-журналист**

ТАҒЗЫМ



Фото: Ашық дереккөзден.

# АҒАЛАР ЖОЛЫ АДАСТЫРМАЙДЫ

Қызылордадан отыз бес шақырымдай жердегі Айдарлы ауылын жергілікті жұрт жақсы біледі. Біз осы ауылдың қалай ауыл болғанын көз алдымыздан өткіздік.

1974 жылы Айдарлы Амангелді совхозынан бөлініп, өз алдына шаруашылық болғанда ауыл үйлері әр төбенің басында отыратын.

Бүгінде бұл ауылдың келбеті алыстан менмұндалайды. Түзу көшелерінің бойында жасыл талдары жайқалып, жаңа үлгідегі тұрғын үйлер сап түзеп тұр.

Осы күнге жетудің жолында қаншама еңбеккеш ағалардың маңдай тері төгіліп, тіпті күллі өмірі сарп болды десек, артық емес.

Айдарлы ауылының тарихында облысқа, тіпті елімізге белгілі сондай сардар азаматтардың аты жазылып қалды. Олардың арасында майдангер Ғафурдин Жанұзақов, «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы» ордендерінің иегері, шопан Әлі Үсенов, Қазақстан компартиясы XV съезінің делегаты болған атақты сауыншы Үмітай Сырмышова, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Тұрсынбай Оспанов, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Ұзақбай Көшпанов, қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің екі шақырылымының депутаты Әбдіжәлел Бәкіров, облыстық мәдениет басқармасы басшысы қызметін атқарған Бибіраба Досмаханова, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Төлеген Дүйсебеков, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, баспа ісінің қайраткері Қуаныш Маханбет, «Марсель Групп» компаниясының президенті Махмуд Нәлібаев секілді тұлғалар бар.

Біз сөз еткелі отырған Тұрсынбай Кенжетайұлы да осы тұлғалар тізімінің белортасында тұрады.

Тұрсынбай Кенжетайұлы 1944 жылы 6 сәуір күні сол кездегі Шымкент облысы Киров ауданы Большевик ауылында дүниеге келген.

Мектепті бітіріп Большевик, Спатаев совхоздарында механизатор болып жұмыс істеген.

1967 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтына түсіп, бұл жоғары оқу орнын 1973 жылы «Гидромелорация» мамандығы бойынша бітіріп, инженер-гидротехник біліктілігін алып шығады.

1974 жылға дейін «Арыс-Түркістан каналы» мекемесінде өндіріс шебері, инженер қызметтерін атқарған.

1974 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы Айдарлы совхозына құрылыс прорабы болып ауысып келді. Мұның басты себебінің бірі ата-баба топырағына қызмет ету болғанын білемін. Ағамыз – Шымкентте өмірге келгенмен, өзегі осы топырақтан шыққан жан.

Айдарлының маңында қазір елеусіз болып қалған «Қарақұскеліс» деген жер бар. Бұрын осы жерде көктемде шалқып, күзде тартылып қалатын көл болған дейді. Көл тартылғанда шабағы шыпырлап құрғақта қалған. Сол нәпақаға жиналған қара құстардан аспан тұтасып қалатын көрінеді.

Бұл жердің тарихын онан әрі тарқатудың қажеті бола қоймас. Айтайын дегенім, Тұрсынбай ағаның да, біздің де әкелеріміз осы өлкені атақоныс қылған.

Әңгіме басында ауыл үйлері әр төбенің басында тұрды дедік, қазіргі Айдарлының тұрғын үй құрылысының алғашқы қазығын қаққан да Тұрсынбай ағамыз еді.

Сол жылдары біз ағамызды жақын таныдық. Мен 1977 жылы орта мектепті бітіріп, совхозда ағаш ұстасы болып жұмыс істедім. Біздің жұмысымызға совхоздың құрылыс прорабы Тұрсынбай аға басшылық жасады. Бір сөзбен айтқанда, ол кісі – менің алғашқы еңбек жолымдағы ұстаз. Кісішіл, көпшіл, ісшіл, ізетшіл адам. Әркімді де жақынындай іштартып тұратын кісішілдігі басқаны өзіне еріксіз баурап тұратын.

1981 жылы ағамыз Шымкент облысына ауысып, Бөген ауданы Б.Исаханов совхозына бөлімше бастығы болып қызмет істеді. Көкарал совхозында агроном, гидротехник, мақта бригадирі болды.

1993 жылы Қызылорда «Құмкөлмұнай» мекемесіне құрылыс шебері қызметіне келді. Бұл жылдары ол кісі өз ұжымында іскерлігімен, мамандығын терең меңгерген қабілет-қарымымен дараланды. Бірге қызмет еткендер ағамыз жайында ризалықпен әңгімелейтін.

Алайда, аға тағдыры тақтайдай түзу болмады. Болып-толып келе жатқанда жан жары Әлима жеңгемізден айрылды. Шиеттей бала-шағамен қалды. «Жас ортасында жарың, жол ортасында атың өлмесін» деген, ондай қиындықты басынан кешкендер ғана біледі.

«Еркек үйдің егесі болса, әйел үйдің шегесі» демеуші ме еді, үйдің шегесі босап, көңіл күңгірт тартқанда ағамыз Бақыт жеңгемізбен бас қосты. Бұл кісі шынында отбасына шырақ ұстай кірді, үй ішіне нұр тарады. Бұрынғы балаларын бақты, өзі де перзент тапты, атына сай әулетке де, отбасына да бақыт сыйлады.

Бұл – он бес ұл-қыз өсірген, өнегесі көпке тараған, үйге кірген келіндері ырымдап бір нәрсесін сұрайтын шуақты шаңырақ. Айман бастаған қыздар түрлі салада еңбек етеді. Көбі ұстаздық жолды қалаған. Отбасының үлкен ұлы Досай Түркістандағы қазақ-түрік университетінің профессоры, философия және теология ғылымдары докторы.

Ол Қожа Ахмет Ясауи университетін дінтанушы және араб тілі мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Түркияның Анкара университетінде, Әлеуметтік ғылымдар институты магистратурасында оқып, ислам философиясы докторы ғылыми атағын алған.

«Ясауи жолы», «Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи «Мират-ул Кулуб», «Қожа Ахмет Ясауи жолы және хикметтер», «Сындарлы он жыл» кітаптарын аударған және «Қожа Ахмет Ясауидің моральдық философиясы», «Қожа Ахмет Ясауи және оның ойлау жүйесі», «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы», «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам мәселесі» «Дәстүрлі түркілік дүниетаным» кітаптарының авторы. Досай туралы айтуға арнайы тақырып керек. Оның зайыбы Шарапат та – ғылым докторы.

Отбасының екінші ұлы Жолдас Тұрсынбайұлы – шаруасын дөңгелентіп отырған көпке белгілі азамат. Үйдің ортаншысы Сапарғали – Ислам даму банкі су шаруашылығын қаржыландыру жобасының басшысы. Ал Олжас Тұрсынбай – Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғау капитаны. Нәзира Тұрсынбай қарындасымыз – Түркиядағы Гази университетінің профессоры, ғылым докторы. Ержас бауырымыз да – Түркия университетінің магистранты. Тұрсынбай ағаның немерелері де жоғары оқу бітіріп, елге танылып қалды. Тағы бір немересі Мұхаммед Досайұлы – саясаттану ғылымдарының магистрі.

Назгүл Кенжетай туралы да арнайы айту керек. Ол Қызылордадан орта мектеп бітірген соң журналистика мамандығы бойынша Түркияның мемлекеттік грантын иеленіп, сол елде білім алды.

Қазақстанның «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы. Назгүлдің жоба жеңімпаздарын марапаттау салтанатындағы: «Мен байрағы жерге құлаған елді көрдім. Елін қорғай алмаған ерді көрдім» деген астарлы да ақиқат сөзіне жиналғандар риза болып, қол соқты.

Қажымұқан бабасының қаны бар өжет қыз – әскери тілші, саяси талдаушы. Таяу Шығыстағы соғыс ошақтарына барып, әлемдік қақтығыстардың фотодеректер қорын тың туындылармен толықтырған бірінші қазақ қызы. Елден жырақта және қауіп-қатердің ортасында жүру кез келген жастың қолынан келе бермес. Сонымен бірге, ол бұл қиын жолға міндеттеліп емес, саналы түрде барған ерікті жас. Отанға қауіп төнгенде Әлия мен Мәншүк мылтық асынып ел қорғаған. Назгүл де журналист қаруын арқалап, нағыз соғыс ортасына барудан қорыққан жоқ. Өйткені, халқына пайдалы, жастарға сабақ, тәрбие боларлық іс тындыруға ұмтылды. Осы бағытта Назгүлдің «Отансыздықтың жүзі» деп аталатын фотосуреттер кітабы жарық көрген. Бұл суреттері Түркияның, Ресейдің, басқа да елдердің көптеген басылымдарында жарияланған.

Назгүл секілді өжет жандардың арқасында «Жусан» операциясы арқылы адасып жүрген қаншама қандасымыз елге оралды. Қанша жан бақытына қауышқан осы ізгілікті істе осы қарындасымыздың да өз қолтаңбасы бар.

Қазір Назгүл Кенжетай Түркия Республикасы Парламенті төрағасының Түркі дүниясына жауапты кеңесшісі қызметін атқарып отыр.

Міне, жастайынан тәлім мен тәрбие сіңіріп өскен ағамыздың перзенттері осындай жетістіктерге жетті.

Еліне, туған жеріне болмыс кенін арнаған ағамыз тірі болғанда осы сәуірде сексеннің сеңгіріне шығып, қуанышын көппен бөлісер еді. Артында өнегесі, адастырмас адами жолы қалған Тұрсынбай ағаның тұлғасы кейінгі ұрпағына аласармас ұстын болып қала бермек.

**Қожахмет МЫРЗАЕВ**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

**29 наурыз 2024 жыл** **№83** **Қызылорда қаласы**

# «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 575 839 087,4 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 37 911 164,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 2 670 987,3 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 10 000,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 535 246 936,1 мың теңге;
2) шығындар – 582 471 680,8 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 5 673 336,9 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 18 282 848,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 609 511,1 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 443 988,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 443 988,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -12 749 918,3 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 12 749 918,3 мың теңге;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы** **Н. Байқадамов**

Қызылорда облыстық мәслихатының
2024 жылғы « 29 » наурыздағы № 83 шешіміне
қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы «13» желтоқсандағы № 63 шешіміне
1-қосымша

# 2024 жылға арналған облыстық бюджет

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 575 839 087,4 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 37 911 164,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | 20 651 810,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 20 651 810,0 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 16 070 104,0 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 16 070 104,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 189 250,0 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 1 039 250,0 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 150 000,0 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 2 670 987,3 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 1 224 354,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 50 000,0 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 80 000,0 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 1 094 354,0 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 2 600,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 2 600,0 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 10 000,0 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 10 000,0 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1 434 033,3 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1 434 033,3 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 10 000,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 10 000,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 10 000,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 535 246 936,1 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 20 587 686,1 |
| | | 2 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 20 587 686,1 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 514 659 250,0 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 514 659 250,0 |

| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 2. Шығындар | 582 471 680,8 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 5 984 585,1 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 180 410,0 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 179 150,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығындары | 1 260,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 3 488 840,1 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 3 012 371,1 |
| | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 27 419,0 |
| | | 009 | Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 449 050,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 351 539,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 351 539,0 |
| | 269 | | Облыстың дін істері басқармасы | 429 730,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 80 413,0 |
| | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 142 926,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 206 391,0 |
| | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 389 367,0 |
| | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 362 513,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 26 854,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 629 051,0 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 583 983,0 |
| | | 021 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 1 717,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 43 351,0 |
| | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 288 593,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 288 593,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 227 055,0 |
| | | 075 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 227 055,0 |
| 02 | | | Қорғаныс | 2 258 255,6 |
| | 296 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы | 1 866 192,6 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 80 116,0 |
| | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 20 614,0 |
| | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 297 159,0 |
| | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 267 804,0 |
| | | 014 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 994 397,6 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 206 102,0 |
| | 287 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 384 474,0 |
| | | 004 | Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 384 474,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 7 589,0 |
| | | 010 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 7 589,0 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 11 093 845,7 |
| | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 11 030 388,0 |
| | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 10 331 676,0 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 698 712,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 63 457,7 |
| | | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 63 457,7 |
| 04 | | | Білім беру | 307 831 427,6 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 19 232,0 |
| | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 19 232,0 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 1 334 556,4 |
| | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 144 904,4 |
| | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 1 027 184,0 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 162 468,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 261 907 517,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 810 176,0 |
| | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 1 948 128,0 |
| | | 004 | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 382 443,0 |
| | | 005 | Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 1 839 008,0 |
| | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 3 231 857,0 |
| | | 007 | Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 167 077,0 |
| | | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 649 129,0 |
| | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 772 847,0 |
| | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 92 720,0 |
| | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 56 000,0 |
| | | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 18 512 563,0 |
| | | 029 | Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу | 882 061,0 |
| | | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» | 202 975,0 |
| | | 055 | Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру | 5 001 231,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 379 393,0 |
| | | 082 | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру | 126 918 081,0 |
| | | 083 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 369 205,0 |
| | | 085 | Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 4 255 762,0 |
| | | 087 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға | 274 720,0 |
| | | 200 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 6 643 984,0 |
| | | 202 | Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 47 155 087,0 |
| | | 203 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 39 363 070,0 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 13 683 766,0 |
| | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 12 930 404,0 |
| | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 753 362,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 30 886 356,2 |
| | | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 476 562,4 |
| | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 2 335 104,0 |
| | | 099 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 904 429,7 |
| | | 205 | «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу | 26 170 260,1 |
| 05 | | | Денсаулық сақтау | 21 953 977,1 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 10 722 012,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 348 424,0 |
| | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 329 524,0 |
| | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 79 808,0 |
| | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 267 176,0 |
| | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 71 649,0 |
| | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 50 459,0 |
| | | 023 | Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау | 36 142,0 |
| | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 2 115 924,0 |
| | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 65 159,0 |
| | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 5 659 413,0 |
| | | 039 | Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар | 480 664,0 |
| | | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 409 864,0 |
| | | 042 | Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу | 697,0 |
| | | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 807 109,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 11 231 965,1 |
| | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 11 231 965,1 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 28 974 626,3 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 28 191 146,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 247 726,0 |
| | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 687 368,0 |
| | | 003 | Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау | 1 920 069,0 |
| | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7 170,0 |
| | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 240 775,0 |
| | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 838 361,0 |
| | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 931 477,3 |
| | | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 186 699,0 |
| | | 046 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 9 399,0 |
| | | 053 | Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 88 790,0 |
| | | 064 | Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету | 1 185 295,0 |
| | | 066 | Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу | 82 519,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 398 969,0 |
| | | 068 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 17 431 547,0 |
| | | 069 | Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау | 9 968,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 1 925 014,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 731 224,0 |
| | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 366 734,0 |
| | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 137 136,0 |
| | | 084 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 104 130,0 |
| | | 092 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 123 224,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 52 256,0 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқытарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 52 256,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 31 216 322,7 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 31 216 322,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 321 026,7 |
| | | 032 | Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 4 326 224,0 |
| | | 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 8 505 689,8 |
| | | 051 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 1 000,0 |
| | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер | 70 089,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 2 812 696,2 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 15 179 597,0 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 40 114 251,9 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 24 393,0 |
| | | 010 | Туристік қызметті реттеу | 3 401,0 |
| | | 074 | Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау | 20 992,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 1 928 270,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 435 726,3 |
| | | 006 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 370 101,0 |
| | | 009 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 980 299,0 |
| | | 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 142 144,0 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 10 043 206,1 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 183 015,0 |
| | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 4 967 456,0 |
| | | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 1 020 644,7 |
| | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 1 867 050,4 |
| | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 429 205,0 |
| | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 537 795,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 556 212,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 481 828,0 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 3 074 973,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру, спорт және туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 136 921,0 |
| | | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 155 050,0 |
| | | 003 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 2 723 885,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 27 500,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 31 617,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 25 043 409,5 |
| | | 024 | Спорт объектілерін дамыту | 16 837 407,0 |
| | | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 8 206 002,5 |
| 09 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 2 526 032,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 2 526 032,0 |
| | | 007 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 9 100,0 |
| | | 071 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 2 516 932,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 25 372 828,2 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 6 703 141,2 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 204 135,0 |
| | | 003 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 77 703,0 |
| | | 005 | Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру | 3 905 877,0 |
| | | 006 | Жануарлар дүниесін қорғау | 70 425,0 |
| | | 022 | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту | 490 590,2 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 607 053,0 |
| | | 034 | Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | 9 524,0 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 1 337 834,0 |
| | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 4 102 468,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 167 381,0 |
| | | 009 | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | 15 310,0 |
| | | 011 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 26 951,0 |
| | | 012 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу | 85 094,0 |
| | | 013 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 75 308,0 |
| | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 3 151 616,0 |
| | | 028 | Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер | 4 138,0 |
| | | 030 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру | 284 508,0 |
| | | 031 | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу) | 42 279,0 |
| | | 035 | Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру | 1 575,0 |
| | | 040 | Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкелердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу | 248 308,0 |
| | 741 | | Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы | 14 567 219,0 |
| | | 001 | Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 457 581,0 |
| | | 002 | Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 173 256,0 |
| | | 005 | Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау | 756 521,0 |
| | | 008 | Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау | 248 441,0 |
| | | 014 | Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 1 156 673,0 |
| | | 018 | Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру | 4 346,0 |

7-бет

№52-53 (20726-20727) 6 сәуір, сенбі 2024 жыл

# 2024 жылға арналған облыстық бюджет

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 029 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар | 359 182,0 |
| | | 045 | Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау | 17 500,0 |
| | | 046 | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу | 4 682,0 |
| | | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 2 446 503,0 |
| | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 1 675 160,0 |
| | | 051 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау | 36 096,0 |
| | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 4 781 423,0 |
| | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 2 449 855,0 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 20 810 433,7 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 20 810 433,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 207 012,5 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 6 172 023,0 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 14 431 398,2 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 33 486 358,3 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 33 486 358,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 133 539,7 |
| | | 002 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 3 805 394,8 |
| | | 003 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 511 055,0 |
| | | 005 | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау | 189 155,0 |
| | | 025 | Облыстық автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 3 638 413,5 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 13 319 778,4 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 11 889 021,9 |
| 13 | | | Басқалар | 7 303 837,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 1 467 076,0 |
| | | 008 | «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету | 1 467 076,0 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 70 105,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 70 105,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 139 819,0 |
| | | 079 | «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 959 569,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 180 250,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 2 207 524,0 |
| | | 004 | Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау | 56 691,0 |
| | | 011 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 6 962,0 |
| | | 014 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 1 770 711,0 |
| | | 015 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру | 300 010,0 |
| | | 082 | Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру | 73 150,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 848 905,0 |
| | | 060 | «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту | 848 905,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 168 176,0 |
| | | 093 | «Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту | 168 176,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 811 762,0 |
| | | 012 | Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві | 811 762,0 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 312 977,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 312 977,0 |
| | 761 | | Облыстың бақылау жөніндегі басқармасы | 277 493,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 272 293,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 5 200,0 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 1 840 449,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 1 840 449,0 |
| | | 004 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 1 828 760,0 |
| | | 016 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 11 689,0 |
| 15 | | | Трансферттер | 41 704 450,6 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 41 704 450,6 |
| | | 007 | Субвенциялар | 40 746 570,0 |
| | | 011 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 66 435,3 |
| | | 017 | Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару | 1 342,0 |
| | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 81 056,0 |
| | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 809 047,3 |
| | | | 3. Таза бюджеттік кредиттеу | 5 673 336,9 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 18 282 848,0 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 2 000 000,0 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 2 000 000,0 |
| | | 063 | Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру | 2 000 000,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 2 111 297,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 2 111 297,0 |
| | | 087 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру | 2 111 297,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 14 171 551,0 |
| | 741 | | Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы | 10 887 517,0 |
| | | 015 | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру | 141 517,0 |
| | | 087 | Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредиттер беру | 5 746 000,0 |
| | | 092 | Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру | 5 000 000,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 3 284 034,0 |
| | | 009 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 3 284 034,0 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 12 609 511,1 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 12 609 511,1 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 12 422 659,0 |
| | | 2 | Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару | 186 852,1 |
| | | | 4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 443 988,0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 443 988,0 |
| 13 | | | Басқалар | 443 988,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 321 130,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 321 130,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 122 858,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 122 858,0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -12 749 918,3 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 12 749 918,3 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 18 141 331,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 18 141 331,0 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 18 141 331,0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 11 694 002,1 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 11 694 002,1 |
| | | 008 | Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу | 6 204 419,0 |
| | | 015 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 5 302 731,0 |
| | | 018 | Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 186 852,1 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 6 302 589,4 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 6 302 589,4 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 6 302 589,4 |

**Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 57 қаулысы**

## *Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы*

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.Е.Жаналиновке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы «02» сәуірдегі № 57 қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 тамыздағы №552 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақтың 65) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«65) Қызылорда облысы әкімдігі атынан:

мемлекеттік орган болып табылмайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты құрылтайшы ретінде;

облыстық коммуналдық меншікте акциялары (қатысу үлесі) бар заңды тұлғаларға қатысты акционер (қатысушы) ретінде әрекет етеді;»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 65-1), 65-2), 65-3), 65-4), 65-5), 65-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«65-1) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

65-2) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

65-3) тәрбие, денсаулық сақтау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

65-4) мыналарды:

денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің ұсынылуына мониторинг жүргізеді;

халықтың денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілігіне талдау жүргізуді қамтамасыз етеді;

65-5) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну аясында денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

65-6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандастар мен көшіп келушілердің медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді;».

2. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі №579 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:

15-тармақтың 45) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«45) пана іздеген адамның куәлігін береді;»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 78-1) тармақшамен толықтырылсын:

«78-1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруды ұйымдастырады;»;

15-тармақтың 51), 52), 53), 60), 73) тармақшалары алынып тасталсын.

3. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы №678 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақтың 43) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«43) Қызылорда облысы әкімдігі атынан:

мемлекеттік орган болып табылмайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты құрылтайшы ретінде;

облыстық коммуналдық меншікте акциялары (қатысу үлесі) бар заңды тұлғаларға қатысты акционер (қатысушы) ретінде әрекет етеді;»;

19-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкіміне, жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына және облыс әкімі аппаратының басшысына есеп береді;»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 43-1), 43-2), 43-3), 43-4), 43-5), 43-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«43-1) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

43-2) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

43-3) құқықтық насихат пен құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді;

43-4) облыс әкімдігінің лауазымды тұлғаларына қатысты әлеуметтік желілерге шыққан пікірлер мен мақалалар бойынша қолданыстағы заңнамаларға және ережелерге сәйкес тиісті шаралар қабылдайды;

43-5) тілдік кемсітушіліктің алдын алу және болдырмау мақсатында жұмыстарды ұйымдастырады;

43-6) жергілікті деңгейде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;».

## Бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2023 жылға ЕСЕБІ

**1. Кәсіпорынға сипаттама**

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1015 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 65 адам, өндірістік персонал – 950 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 10 491 шақырым, қосалқы станциялардың саны – 2008 дана, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі 66% жетті.

Қазіргі таңда, құрылғылардың нақты қызмет еткен мерзімі 30-50 жылдардан астам, алайда нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы керек.

**2. 2023 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы**

2023 жылға уәкілетті органмен құны 1279 млн теңгені құрайтын, оның ішінде 371,5 млн теңге – өз қаражаты және 907,5 млн теңге – бюджет қаражаты есебінен түзетілген инвестициялық бағдарламасы бекітіліп, іс жүзінде шаруашылық тәсілмен (хозяйственный способ) кәсіпорынның өз күшімен 1157 млн теңгеге іске асырылды.

Уәкілетті орган мен Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығына сәйкес, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы отырған жеткізушілердің келісім-шартты орындамауына байланысты өзара соттасу процесі орын алуы себебінен 121,9 млн теңгеге Инвестициялық бағдарламада қарастырылған жұмыстары 2024 жылға ауыстырылды.

**3. 2023 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы**

«Реттеліп көрсетілетін қызметтер» үшін бекітілген жалпы шығын 5844 млн теңге болса, нақты шығын 7722 млн теңгені құрады.

2023 жылғы бекітілген тарифтік сметасының баптарының орындалуы бойынша көзделмеген 1934 млн теңге артық шығындар қалыптасты, атап айтқанда:

- Материалдық шығындар 21 млн теңге, Еңбекақы төлеу шығындары – 191 млн теңге, Амортизация – 439 млн теңге, Өндірістік сипаттағы өзге ұйымдар қызметтері және өзге де шығындары – 12 млн теңге, Салықтар – 35 млн теңге, Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төленуіне шығындары – 215 млн теңге, Нормативтік ысыраптардың өтелуіне электр энергиясын сатып алу шығындары – 451 млн теңге, Тарифте ескерілмеген шығындар – 56 млн теңге, алынатын табыстан РСОД сомасының алынып тасталуы және жаңа тарифтің енгізілу уақытына байланысты алынбаған табыс 514 млн теңгені құрады.

2023 жылғы 1 қаңтардан 25 мамырға дейін 4,883 теңге тарифі, 25 мамырынан 31 желтоқсанына дейін 5,676 теңге тарифі қолданылды. Стратегиялық тауарлар құнының өсуіне, өндірістік персоналдың жалақысын көтеруіне сәйкес тарифтің өзгеруіне байланысты жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 5,36 теңгені құрады.

Тарифте пайда ескерілмеген.

**4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат**

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2023 жылы 2-дәрежелі істен шығулар 264 рет тіркелді.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

**5. 2023 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері**

Оперативтік мәліметтер бойынша:

Жалпы табыс – 6586 млн теңгені құрады, оның ішінде: (негізгі қызметтен 5844 млн теңге, өзге де қызметтерден 742 млн теңге).

Жалпы шығыстарға 8211 млн теңге жұмсалды, оның ішінде: (негізгі қызметке 7772 млн теңге, өзге де қызметтерге 439 млн теңге).

Жылдық шығын 1625 млн теңгені құрайды, оның ішінде: (негізгі қызметтен 1928 млн теңге шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 303 млн теңгені құрап отыр).

Өндірістік шығындар көлемі – қызметтерді апаттық жағдайларсыз және электр энергияны сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, материалдарға нарық бағасының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюы және жыл ішінде энергия өндіруші станциялардан электроэнергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

**6. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері**

Тарифтік сметада транзит көлемі 1069 млн кВт*сағат болып бекітілген, нақты қалыптасқан көлемі 1090 млн кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 21 млн кВт*сағатқа немесе 2%-ға ұлғайды. Электроэнергиясының транзиты 2022 жылмен салыстырғанда (2022 жылы электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1029 млн кВт*сағ. құрады) 61 млн кВт*сағатқа немесе 6% өсті.

**7. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы**

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

Қызылорда қаласын электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты бірқатар өзекті мәселелер орын алуда.

Облыс бойынша тұрғын үйлер Қызылорда облысы бойынша кондырғылардың орташа тозу деңгейі 66%-ды құраса, ал Қызылорда қаласы бойынша бұл көрсеткіш 72%-ды құрайды.

Қызылорда қаласындағы электр желілерін дамытуға, қайта құруға және жаңғыртуға «ҚЭТТК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту аясында 1-кезеңге облыстық бюджеттен 1587,3 млн теңге қаржы бөлініп, жоспарланған құрылыс-монтаждау жұмыстары толығымен орындалды.

Сонымен бірге «Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматты жүйесін жаңғыртуға және негізгі құралдарды сатып алуға» жарғылық капиталды ұлғайту аясында облыстық бюджеттен 743,3 млн теңге бөлініп, 7 бірлік арнайы автотехника сатып алынды.

**8. 2024 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары (оның ішінде электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне тарифі өзгерген жағдайда)**

Уәкілетті органның 2023 жылғы 19 мамырдағы №16-ОД бұйрығымен 2024 жылға 5,86 теңге мөлшерінде тарифі мен тарифтік сметасы бекітілді.

2024 жылдың тарифтік сметасында мыналар ескерілген:

- электр энергиясы транзиті көлемі – 1123 млн кВт*сағат, нормативтік ысыраптар – 162 млн кВт*сағат немесе 14,50%;
- жөндеу жұмыстары – 325 млн теңге (ағымдағы жөндеу – 48 млн теңге; күрделі жөндеу – 277 млн теңге)

Қазіргі таңда, материалдар мен құрылғыларды мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарттары жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде электр желілердің тозу деңгейін 64,6%-ға дейін немесе 1,42%-ға (өз қаражаты есебінен 0,5%-ға, бюджет қаражаты есебінен 0,92%-ға) төмендету күтілуде.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына «өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруі» бойынша енгізілген өзгерістерге сәйкес, Компания қызметкерлердің орташа айлық жалақысын өсіріп және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне, сонымен қатар Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының теңгерімінен электр энергетика нысандарды «ҚЭТТК» АҚ теңгеріміне қабылдауға байланысты 2024 жылдың 19 ақпанында Уәкілетті органға тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім берді. Бұл ретте электр энергиясын беру қызметінің болжамды тарифі 1 кВт*сағат үшін (ҚҚС-сыз) 7,862 теңгені құрайды.

## Хабарландыру

«РИТМ» ЖШС келесі жобалар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

1) Қызылорда облысының Арал ауданында орналасқан Арал-1 кен орнында құмды топырақты өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, ЭНЖ, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚЖ іс-шаралар жоспары;

2) Қызылорда облысының Арал ауданында орналасқан Арал-2 кен орнында құмды топырақты өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, ЭНЖ, ӨЭББ, ҚББ, ҚОҚЖ іс-шаралар жоспары;

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Арал ауданы, Арал қаласы.

Арал-1 кен орны бойынша тыңдау 21.05.2024 ж., сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қ., З.Шүкіров атындағы Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді;

Арал-2 кен орны бойынша тыңдау 21.05.2024 ж., сағат 12:00-де Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қ., З.Шүкіров атындағы Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибридті форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекенжайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашы – «РИТМ» ЖШС, БСН 950240001339, Қарағанды облысы, Теміртау қ., Сарыарқа к-сі, 48 тел.: +7 (7212) 21-44-80, e-mail: ritm_ltd@bk.ru

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Шалқар к-сі, 18, 15 кеңсе, тел.: 8 (776)1124854.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттармен танысуға https://ecoportal.kz/ және «Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru сайтында болады.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait@mail.ru және тел.: 87761124854.

Жобалық материалдар бойынша өз ескертулерін, ұсыныстарын Бірыңғай экологиялық порталға жіберуге болады https://ecoportal.kz және «Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан к-сі, № 1. тел.: +7 (7242)-60-53-62, электрондық мекен-жайы: Prd@korda.gov.kz

## Сырдария ауданы тұрғындарының назарына!

08.04.2024 жылы Айдарлы, Жетікөл, Амангелді, Бесарық, Қоғалыкөл елді мекендерінде;

09.04.2024 жылы Ширкейлі, Н.Ілиясов, Ақжарма, Іңкәрдария, Шаған елді мекендерінде;

10.04.2024 жылы Тереңөзек кенті, Қалжан ахун, А.Тоқмағанбетов, С.Сейфуллин елді мекендерінің ауызсу жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсуды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(72436) 21-8-00.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі**

ӨНЕР

# ЖАУҺАР ЖЫРДЫҢ ОРДАСЫ



Қызылорда қаласында «Руханият жылы» аясында облыстық филармония жанынан тұңғыш рет «Жыраулар үйі» ашылды.

Айтулы шараға облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Алмас Алматов, фольклортанушы ғалым Берік Жүсіпов, дәстүрлі әнші Ақан Әбдуалиев, жыршы, Мәдениет қайраткері Амандық Көмеков, жыршы, «Дарын» жастар сыйлығының иегері Күнсұлу Түрікпен және руханият жанашырлары қатысты. «Жыраулар үйінің» лента қию рәсімі өнер қайраткерлеріне ұсынылды.

Айта кетейік, өнер ордасында «Қорқыт ата» композициясы қойылған. Тарихи композицияда түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, күй атасы Қорқыт баба бейнесі және Жанкент, Сауран, Шірік-Рабат сынды көне қалалар суреттеліп, «Инфокиоск» ақпараттандыру құрылғысы орнатылған. Оған «Жыраулар үйіне» қатысты толық ақпарат енгізіліп, ұсынылуда. Ал ғимарат дәлізінде ақын-жыраулардың суреті ілінген.

Сондай-ақ конференция және көрермен залы бар. Сахна ұлттық нақышта безендірілген. Бұл концерттік зал телевизиялық түсірілімдер жасайтын студияға да лайықталған. Мұнда экспозициялық музей залы да жасақталған. Музейдің оң жақ қанаты 5, сол жақ қанаты 3 секцияға бөлініп, Қорқыт баба мұрагерлері Нышан, Нұрғали сынды бақсылар қобыздарының суреттері көрініс тапқан. Сыр өңірінде үш жыраулық мектеп бар екені белгілі. Сондықтан мұнда Нұртуған, Жиенбай, Нартайдың суреттері, тұтынған заттары мен жеткен жетістіктерінің құжаттары қойылған.

Облыста 2006 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан түркітілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінен де көрініс орын алған. Бұдан бөлек, жыраулық өнерді насихаттауда қолданылған аспаптар мен киімдер бар.

Ашылу салтанаты Сыр сүлейлерінің ізбасарлары, жыршы-жыраулардың концерті әрі жыр-шашуымен жалғасын тапты.

**Дина БӨКЕБАЙ,**
**«Сыр бойы»**





# ЖАҚСЫ СӨЗДІҢ СӘУЛЕСІ

Біз күніге қанша сөз айтамыз және олардың қаншасының мағынасы жақсы? Мұның есебін ерінбей зерттеген ғалымдар айта жатар, біздің білетініміз – қазақтың қашан да жақсы сөз айтуға үндейтін даналығы. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді аталарымыз. Бүкіл өміріңдегі несібең мен ырысыңның жартысы сөзден екен. «Не жаздым, жолым болмады» деп налитындар шындығында маңдайдағы жазуын өзі өшіріп, өзі түзете алатынын білмейді. Мұны білу үшін ғибратты сөздерге құлақ салайық. Құдай құлақты не үшін берді? «Жамандық көрсем – өзімнен, жақсылық көрсем – өзімнен» демей ме Сұлтанмахмұт ақын.

Жақында бір жиында болдық, қонақтардың арасынан бейпілауыз біреу шықты, екі сөзінің бірі – анайы. «Қойсаңшы» деген адамға «еркектердің арасында еркін сөйлей алмаймыз ба» деп онан сайын өршіді. Ақырында досымен боқтасып, жаға жыртысты.

Хадистердің бірінде: «Үлкен күнәлардің ішіндегі ең ауыры – кісінің өз ата-анасына лағынет айтуы» деген сөз бар.

Осыған байланысты Пайғамбарға: «Адам қалай өз ата-анасына лағынет айтуы мүмкін?» деген сұрақ беріледі. Пайғамбар оған: «Кісі біреуді әкесінен боқтайды. Ол да оны жауап ретінде әке-шешесінен сыбайды. Ол осылайша біреу арқылы өз ата-анасын боқтаған болып отыр» деп жауап берген. Шынында, бір кісі біреудің ата-анасына тіл тигізбесе, оның өз ата-анасының атына да былапыт сөз айтылмас еді.

Жалпы, сөз қадірінің қаншалықты адам өміріне араласатынын біз әлі терең біле бермейміз. Шіркін, ата-бабаларым-ай, олар осының бәрін қалай сезінген десейші! «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «Айтылған сөз – атылған оқ», «Жақсы сөз жүйесін табады, жаман сөз иесін табады» – осының бәрі әлгі ғалымдарыңның пәлен жыл шұқшиып зерттегенін тілмен түйіндеп беріп отырған жоқ па?

Ал енді сөздің адам өміріне қалай араласатынын мына бір мысал әңгіме кино көргендей қылып көз алдыңызға әкеледі.

Баяғыда түс жорушы ақсақал болыпты, жорыған түсі айнымай келеді екен. Ауылы сол шалдың үйінен қозыкөш жерде тұратын бір аяғы ауыр келіншек әлгі кісіге түсін жорытпақ болып келіпті, байғұс. Келсе, үйде шал жоқ, кемпір бар екен.

– Шал түзге кетті, түсті түске дейін жориды, түстен кейін жорыған түс келмейді деуші еді. Менің де түс жоритыным бар, – деп кемпірі келіншектің түсін сұрайды. Сонда келіншек түсінде екі омырауын екі бөлтіріктің жұлып жеп жатқанын айтады. Мұның жоруын білмеген кемпір ұялған тек тұрмастың керімен:

– Айналайын-ай, жаман түс көріпсің, сені екі қасқыр жеп кететін болды-ау, – депті. Мұны естіген көңілсіз келіншек ауылына тартып кетіпті.

Шал үйіне келген соң, кемпірі түске дейін келген көрші ауылдағы келіншектің түсін жорып бергенін айтады.

– Келін қандай түс көріпті? Қалай жорыдың? – деп сұрайды шалы. Кемпірі шындықты айтады.

– Әй, құрттың-ау, қап! Бөлтірік болып екі омырауыңды тартып жатқан түсің өмірге келетін егіз ұлың деп жорымадың ба?! – деп атына мініп, келіншектің артынан шаба жөнеледі. Ауылдан ұзай бере үлкен жыра бар екен, шал сол жыраның ішінде шынымен де екі қасқырдың келіншекті пәршелеп жеп жатқанын көреді.

Сорлы келіншектің құрсағында егіз ұлы бар екен...

Міне, сөздің адам өмірімен қалай байланысатыны осы ескі әңгіме де еске салады.

Жақсы сөйлеп, жарым ырысқа кенеліп жүргенге не жетсін?!




Фото: Ашық дереккөзден

Осыған қосатын бір нәрсе – ойланып сөйлеу. «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» дейді қазақ.

Сөздің әсері өте күшті. Адамның сөзі мен ойының басқа адамдар мен жанды нәрселерге, сондай-ақ өсімдіктерге әсерін зерттеумен айналысатын жапон ғалымы Эмото Масару адам сөйлеген кезде өзінің ойын басқаларға жеткізіп қана қоймай, айтқан сөзінің жақсы не жаман мағыналы болуына орай пайдалы не зиянды ақпараттық толқын тудыратынын мәлімдеген. Ғалымдар балағат және жағымсыз мағынаға ие сөздердің радиация әсері секілді адам генінің мутацияға ұшырауына себепкер болатынын, ол өз кезегінде ағзаның қартаю процессін тездетіп, түрлі психикалық және тән ауруларының пайда болуына ықпал ететінін анықтаған.

Ресей Ғылым академиясы кванттық генетика институтының ғалымдары да балағат және бейәдеп сөздердің жағымсыз салдары туралы біраз зерттеулер жүргізіпті. Зерттеу нәтижелері айтылған сөздердің электромагниттік тербелісі ДНҚ молекуласының құрылымына тікелей әсер ететінін көрсеткен. Ал, ендеше!

Дана қазақ мұны «таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп бірауыз нақылмен түсіндіріп берген.

**Д.АЯШҰЛЫ,**
**«Сыр бойы»**

**«Энергосервис» ЕЖШС-ның электр энергиясын тұтынушылары назарына!**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 жылғы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын» басшылыққа ала отырып «Энергосервис» ЕЖШС Қызылорда облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментіне электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы шекті бағасын 05.05.2024 жылдан бастап өзгерту жөніндегі ұсыныс жолдағандығын хабарлайды. Жобаланып отырған электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы орташа босату бағасы 1 кВт/сағатына 27,74 теңгені (ҚҚС-сыз) құрайды.

Электр энергиясымен бөлшек сауда нарығында жабдықтау шекті бағасының өзгеруі себептері: 01.01.2024 жылдан бастап Бірыңғай сатып алушы тарапынан босатылатын электр энергиясы бағасының 24,7%-ға өсімі, энергия тасымалдаушы ұйымдарының тарифтерінің 3-34%-ға өсімі, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету қызметінің 73,3%-ға өсімі болып отыр.

**«Энергосервис» ЕЖШС әкімшілігі**

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

# ҰСТА ҚОБДИЫ

Бұрындары ел ішінде темірден түйін түйіп, көздің жауын алатын бұйымдар жасайтын ұсталар көп болған. Ғылым мен технология қарыштап дамыған бүгінгі заманда тұрмыс қажетін өтейтін заттардың зауыттар мен фабрикаларда шығарылуына байланысты ұсталық өнердің ұмытыла бастағаны рас.

Ұсталық – ұстамдылықты ұнататын өнер, көнеден үзілмей келе жатқан киелі кәсіп. «Ұсталы ел озар, ұстасыз ел тозар» деген халқымыз темірден түйін түйіп, ағаш жонған ісмерді «темірші», «дарқан», «ұста» деп қадірлеген. Әйгілі Махмұд Қашқари «ағашты ұзын кес, темірді қысқа кес» деген нақылды өсиет еткен. Бағзыдан жеткен сақ әшекейлері де, мыңдаған жылдар мызғымай тұрған балбал мүсіндер де – осы ұсталардың көз майының еңбегі. Түркі халықтары темірден түйін түйетін шеберлердің атын атамай «ұста» деп, жұмыс орнын «дүкен» (ұстахана) деп атаған.

Қазақ жерінде он саусағынан өнер тамған небір ұсталар мен ғажайып ұстаханалардың болғаны белгілі. Соның ішінде Сыр өңірінде де көп болған. Оған қазірге дейін жеткен бұйымдар дәлел. Сондай ұсталардың бірі – XX ғасырдың I жартысында есімі елге белгілі болған Әжімбет Қарайғыров. Әжімбет ұстаның қолынан шыққан асыл дүниелер облыстық музей қорында сақтаулы, олар – асадал, адалбақан, сандық, жүкаяқ, күміс зергерлік бұйымдар. Былтыр облыстық музейдің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің Арал ауданы Шөмішкөл ауылына ұйымдастырған «Сыр өңірі бойынша далалық экспедиция және эмпирикалық зерттеулер» этнографиялық-фольклорлық экспедициясы нәтижесінде музей қоры ұста қобдиымен толықты.

Қай дәуірде болмасын мұндай дүниелер құндылығын ешқашан жоғалтқан емес, көздің жауын алып, тамсандырмай қоймайды. Ал сол жауһарды жасауда пайдаланған құрал-саймандарды біле бермейтініміз өкінішті. Қобди – ұста, зергер, етікші, т.б. шебер адамдардың құрал-сайманын салып қоюға арналған шағын сандықша. Ағаштан жасалған, іші үш бөлікке текшеленген, ал үсті екі бөліктен тұрады. Оң жағында ашып-жабуға арналған топсалы қақпағы бар. Қақпақтың аузына темірден ілгіш орнатылған. Қақпақ ашылып, ішіне құрал-саймандарын салып қоятын болған. Қобдиды Әжімбет Қарайғыровтың жиені Әбуәли Қаниұлы музейге тапсырды. Оның айтуы бойынша бұл бұйым қолына анасы арқылы түскен. Анасы дүниеден озған соң, өзі осы күнге дейін сақтап келген. Ағашы көнеріп кетпес үшін кейінгі жылдары қоңыр сырмен бояған.



Ұсталардың көз майын тауысып, өз қолымен өріп, соққан бұйымдары қымбат тарихи қазына саналса, киелі кәсіп иесі – ұсталар пайдаланған құралдар да тиісті бағасын алуы қажет. Кезінде шебердің қолынан түспеген сом балға мен қысқаш, көрік пен қалақ, тістеуіш пен шымшуыр және осы құралдар салынған қобдилар қазір қат болып тұр. Асыл бұйымға жан бітіретін құрал-саймандарды да қызметкерлер зерттеп, музей қорына алу жұмыстары жүргізілуде.

**Ұлпан ХАЙРУЛЛА,**
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23070 Тапсырыс №537 | Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**